



Алматы экономикасы: ШОБ-ТЫҢ ШОҚТЫҒЫ БИІК

Алып мегаполисте
шағын және орта
бизнесті дамытуға
мол мүмкіндік бар

3



ЖАҢАНЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Саммиттен кейінгі ой

5



«МАҚСАТ – ТҮБІ БІР ТҮРКІНІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ»

6

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №145 (6438) 5 желтоқсан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОТАНДЫҚ ҚОРҒАНЫС

әскери-патриоттық жұмысты күшейту – маңызды міндет



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады

Кездесу барысында Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған жұмыстарының қорытындысы және әскердің жауынгерлік дайындығына қатысты жаңа тәсілдер, оқу базасы мен полигондардың жай-күйі туралы баяндалды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау мәселесіне, ұшқышсыз ұшатын ұшақ кешендерін, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қару-жарағын, жаңғыртылған бронды техника мен

байланыс құралдарын қоса алғанда, авиациялық техниканың жаңа үлгілерімен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек, Президентке азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру барысы, әскери қызметшілердің мәртебесі мен оларға берілетін ақшалай қаражатты арттыруға бағытталған шаралар туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында жүзеге асырылатын миссияларға қатысу үшін қазақстандық бітімгерлік контингенттің әлеуетін арттыру қажет екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы министрге отандық қорғаныс бағытындағы кәсіпорындармен ықпалдастық жасау, аумақтық қорғаныс пен арнайы операцияларға қатысатын күштерді дамыту, әскери-патриоттық жұмысты күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz)

ҚАЛА мен АУЫЛ

арасын жалғайтын қоғамдық көлік саны артады

2024 жылдың соңына дейін
қала маңына қатынайтын 20 жаңа
бағыт ашылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Көлік байланысын жақсарту және қала маңы тұрғындарын қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларын» іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес, 2024 жылдың соңына дейін қала маңына қатынайтын 20 жаңа маршрут ұйымдастыру жоспарланып отыр. Мұндай шешімді депутаттар Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XI сессиясында қабылдады.

2023 жылдың соңына дейін қала маңына қатынайтын 10 жаңа маршрут ұйымдастыру жоспарланған, қазір оның 9-ы ашылды:

- №216 Талғар ауданы, «Дәулет» кенті – «Алматы-1» вокзалы.
- №223 «Туғанбай» кенті, «Нұра»; Талғар ауданы – «Алматы-1» вокзалы.
- №232 «Сұлтан» кешені, Тұздыбастау кенті – «Алматы-2» вокзалы.
- №233 «Қарой» кенті, Іле ауданы – «Саяхат» автовокзалы.



- №234 «Еламан» кенті – Жетісу базары.
- №235 Исаев – Солтүстік айналма жолы «Сәлем» базары.
- №236 «Қарғалы» кенті, Жамбыл ауданы – Төле би – Яссауи.
- №240 «Батыр» кенті, Іле ауданы – «Адем» СҰ.
- №247 «Мыңбаев» кенті, Жамбыл ауданы – Төле би – Яссауи.
- №244 маршрутты тасымалдаушылардың жыл соңына дейін жаңа автобустар сатып алуына қарай ашу жоспарлануда.

Бұған қоса, мегаполисте жолаушылар үшін №9, №89, №97 жаңа қалалық маршруттар ашылды.

Қашықтыққа байланысты қолданыстағы 2 маршруттың схемасы бөлінді:

- №20 маршрут №20 және №58 маршруттарға бөлінген;
- №115 маршрут №115 және №136 маршруттарға бөлінген.

Сонымен қатар, жыл соңына дейін №27 маршрут №27, 76 маршруттарға бөлінеді. Тасымалдаушылардың жаңа автобустар сатып алуына қарай ұйымдастыру жоспарлануда.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.12.2023

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

6.12.2023

Түнде:

+2+4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:

+12+14 °C
Көшпелі бұлтты, күннің соңында жаңбыр. Таңертең тұман.

Желдің жылдамдығы:
түнде 2-7, күндіз 5-10 м/с

www.almaty-akshamy.kz





БРИФИНГ

ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ
артып келеді

Қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында шаһар басшысының орынбасары Әлішер ӘБДІҚАДЫРОВ мегаполистің экономикасын әртараптандыру, инвестиция тарту, экологияны жақсарту мәселелері бойынша журналистерге сұхбат берді.

Мәншүк
БЕКБОСЫНҚала экономикасын
әртараптандыруда ШОБ-тың
үлесі зор

Жоғары технологиялық және «таза» өндірісті дамыту, туристік қызметтер экспорты, шығармашылық индустрия мен IT саласын дамыту – мегаполисті дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар экономиканы әртараптандырудың басым бағыттары болып айқындалды.

Биылғы жылы шаһардың экономикалық өсуінің драйвері ретінде өңдеу өнеркәсібі (соңғы 10 айда +18,6%), туризм (соңғы 9 айда +42,9%), көлік пен қоймалау (соңғы 10 айда +8,0%) салаларын атауға болады.

Экономиканы әртараптандыруда ШОБ-тың үлесі зор. Оның қала экономикасына қосқан үлесі 60%-ға жеткен.

Сонымен қатар, биыл Алматыда инвест-

- Мегаполисте 38,8 мыңнан астам сауда орны бар 60 базар жұмыс істейді. Соның ішінде 22 базар жаңғыртылды. 32 базарды модернизациялау әлі жалғасуда. Алты базардың («Барлық», «Бахар», «Үміт», «Алтай», «Ақорда», «Рахат») орнына қоғамдық кеңістік құру жоспарланып отыр.
- Биылғы жылы Алматыда мемлекеттік қолдау шараларына 51,1 млрд теңге (2022 жылы – 48,1 млрд теңге) бөлінді, бүгінде жалпы несие сомасы 144,6 млрд теңгені құрайтын 1705 жоба қаржыландырылды.



тициялық белсенділіктің көрсеткіші едәуір нәтиже көрсетті (жеке инвестициялардың өсуі 2022 жылы 15,9% болса, биыл тек соңғы 10 айда 10,9%).) Мәселен, биыл соңғы 10 айдың ішінде негізгі капиталға 1,2 трлн теңгеге инвестиция тартылды. Жеке инвестициялардың өсуі де 10,9%-ға дейін артты (соңғы 9 айда 7,3%). Осылайша денсаулық сақтау саласындағы инвестициялар 3,6 есеге, ақпарат пен байланыс 90 пайыз, тұрғын-жай мен тамақтану қызметі 26 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 10,8 пайызға өсті. Бұл көрсеткіштен мегаполисте денсаулық сақтау, IT-сектор, туризм мен өңдеу өнеркәсібін дамытуға басымдық беріліп, нәтижесінде инвестицияның сапа жағынан бірқатар жетістікке жеткенін аңғаруға болады.

Өңдеу өнеркәсібін
дамыту маңызды

Қала экономикасын әртараптандыруға индустриалды аймақ пен АТП АЭА кәсіпорындарының қосқан үлесі зор.

Биылғы жылдың 10 айында индустриалды аймақта орналасқан кәсіпорындар 754,5 млрд теңгеге өнім өндіріпті. Бұл қаланың барлық өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының шығарылымының 50 пайыздан астамын құрайды.

Жыл басынан бері индустриялық аймақ аумағында 269 жұмыс орны ашылды. Құны 7,3 млрд теңгені құрайтын 4 жоба іске қосылды. Бұған қоса, құны 147,1 млрд теңге болатын 35 жоба (4363 жұмыс орнын құрайды) дайындық үстінде тұр.

Бүгінгі таңда автомобиль кластері қалып-

тасуда. Өңдеу өнеркәсібінің құрылымында автомобиль құрастыру үлесі 36,4 пайызға дейін өсті.

АТП АЭА аумағында электротехникалық жабдықтарды өндіру бойынша бір жоба енгізілді. Тағы құны 27 млрд теңге болатын 12 жоба (737 жұмыс орны) дайындық сатысында тұр.

Биылғы жылдың қорытындысы бойынша мегаполистегі өңдеу өнеркәсібінің өсуі 18,5% деңгейде болады деп күтілуде.

Елімізге келген әрбір екінші
турист Алматыға аялдайды

Биыл жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Алматыға келген туристер саны 17,5 пайызға өскен. Бұл ретте мегаполисте жыл басынан бері 16 глэмпингке арналған эко-қонақүй мен 112 бөлмелі қонақүй («Qazaq Auy») және «Grand Mildom» қонақ үйі) ашылды. Бұдан өзге, 847 нөмірлі 5 нысанның құрылысы, сондай-ақ 1420 нөмірлі 10 нысанның жобалауы жүргізілуде.

2023 жылғы қорытынды бойынша, туристер саны 1,9 млн адамға дейін, оның ішінде шетелдік туристер саны 500 мың адамға дейін артады.

Атмосфералық ауаның
сапасы өзекті

Қала тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелердің бірі – атмосфералық ауаның сапасы. Қалада 19 экопост, 3 жылжымалы бекет пен зертхана жұмыс істейді. Биыл

«Шымбұлақ» тау курортына жанармай, дизельді отын, газбен жүретін автомобильдердің кіруіне тыйым салынды.

Қатты тұрмыстық
қалдықтардың тиімділігі артады

Қалдықтарды басқару жүйесін жақсарту үшін биылғы жылдың 11 айында 214 көмілген контейнер орнатылды (барлығы 8414 контейнер, оның ішінде 1410 көмілген).

Бүгінгі таңда қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару нарығына қатысушыларды анықтау бойынша тендер жарияланды. Қоқыс шығаратын ұйымдарға қойылатын негізгі талап – заманауи мамандандырылған техника мен өндірістік базалардың міндетті түрде болуы, оларды спутниктік навигациялық жүйелермен жарақтандыру, қалдықтарды сұрыптау пункттерін енгізу.

Алматыда қалдықтарды басқару қағидаларын бекітуге мәслихатқа құзырет беру бөлігінде ҚР заңнамасына түзетулер енгізілді.

Қалдықтарды басқарудың кешенді тәсілі ҚТҚ шығару бойынша қызметтердің сапасын және сұрыптау мен қайта өңдеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жасыл Алматы

Алматы әкімдігі «Жасыл Алматы» басым бағытын іске асыру бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау бойынша жаңа ережелер қабылданды. 2023 жылдан бастап суару жүйесі жүргізілгеннен кейін ғана кемінде 2-2,5 м көшет отырғызуды көздейтін жаңа тәсіл қолданылды.

Жаңа ережелер бойынша жасыл желектерді биоөңдеу енгізіліп, санитарлық және қалыптау өңдеуге бірыңғай талаптар әзірленді.

Қаланы көгалдандыру үшін жыл басынан бері 240 мың ағаш пен бұта (180 мың ағаш және 60 мың бұта) отырғызылды. Санитарлық мақсатта 13,1 мың ағаш кесіліп, 2,3 млн ағаш өңделді. Автосуарумен камту 4,4 есеге артып, 587 гектарға жетті.

Абаттандыру аясында 6 саябақта (Оқушылар сарайы, ҚБТУ, Байсейітова көшесі, Әуежайдың сол жағы, «Желтоқсан» саябағы, «Көкмайса» шағынаудан саябағы) қайта жаңарту аяқталды. Жыл басынан бері саябақ аумақтарының ауданы 712 гектардан 977 гектарға дейін кеңейтілді.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Ішкі туристер саны 8,4%-ға артып, 1104,6 мың адамға жетті.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша Алматыда қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 18%-ды құрайды.
- Алматыда 153 саябақ пен сквер, 355 жаяу және жасыл аймақ, 23 бульвар мен 11 жағалау бар.

● НАРЫҚ

Мемлекеттік төлемдер:

ЦИФРЛЫҚ ВАУЧЕР


тетігі сынақтан өткізілді

Бұған дейін хабарлағанымыздай, Цифрлық теңге платформасы пилоттық режимде іске қосылғаны белгілі. Бұл бағдарда Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп, мемлекеттік төлемдерге цифрлық ваучер беру тетігі сынақтан өткізілді.

Қазақстан Ұлттық Банкі пилоттық жобаға қатысушы банктердің цифрлық шоттарына цифрлық теңге эмиссиясын шығарды. Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресінде цифрлық теңгедегі алғашқы бөлшек транзакция жүргізілді.

Қазақстан Ұлттық Банкі Ұлттық төлем корпорациясымен бірлесіп, цифрлық теңгені енгізу жобасының бірінші кезеңінің алдын ала қорытындысы туралы мәлімдеме жасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: nationalbank.kz).



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Берік ШОЛПАНҚҰЛОВ,
ҚҰБ Төрағасының орынбасары:

Қаржы нарығының екі деңгейлі моделі

Цифрлық теңге – ұлттық валютаның қосымша, үшінші формасы. Қолма-қол ақша сияқты цифрлық теңге де эмитенттеледі және Ұлттық Банктің міндеттемесіне жатады. Сонымен қатар, цифрлық теңге платформасының архитектурасы қаржы нарығының екі деңгейлі моделі негізінде құрылған. Түпкі тұтынушылар – жеке және заңды тұлғалармен байланыс бұрынғысынша, қаржы нарығына қатысушылар арқылы ғана жүргізіледі.

Ерлан АШЫҚБЕКОВ, ҚҰБ Төлем жүйелері департаментінің директоры:

Келешекте интернетсіз-ақ төлем жасауға
мүмкіндік береді

Ұлттық валютаның жаңа формасы бірқатар бірегей қасиетке ие: бағдарламалану, халықаралық деңгейде төлем жасау, сонымен қатар смарт-келісім-шарт орындау кезінде де технологиялық мүмкіндіктер ашу. Ал келешекте интернетсіз-ақ төлем жасауға мүмкіндік береді. Цифрлық теңге – ҚҰБ құратын цифрлық қаржы инфрақұрылымының негізгі компонентінің бірі.

Цифрлық теңгеге арналған цифрлық карталар екі халықаралық төлем жүйесі – Visa мен Mastercard және екінші деңгейлі төрт банкпен серіктестікте шығарылып жатыр. Бұл карталар – клиенттердің цифрлық шоттары орталық банктің цифрлық валютасымен байланыстырылған әлемдегі алғашқы карталар.

Бинур ЖАЛЕНОВ,
Ұлттық төлем корпорациясының төрағасы:

Төлемдер тиімді болады

Цифрлық теңге инновациялық қаржылық қызмет көрсетудің негізін құрайтын блокчейн технологиясының әлеуетін ашады, төлемдерді тиімді етеді, сонымен қатар дәстүрлі қаржы мен цифрлық активтер арасына «көпір» болады. Цифрлық теңге экожүйесі іске қосылды, енді көп ұзамай қазақстандықтар оның алғашқы өнімдерін пайдалана алады.



Алматы экономикасы:

ШОБ-ТЫҢ ШОҚТЫҒЫ БИІК

Алып мегаполисте шағын және орта бизнесті дамытуға мол мүмкіндік бар



Алматы қаласының еліміздің экономикасында алар орны ерекше екені бәрімізге мәлім. Алматылықтарды кәсіпкерлікке бейім халық деп атауға болады. Оған түрлі факторлар әсер етеді. Ең алдымен, жұмыс күші көп. Қала халқы 2,2 млн-нан асып жығылады. Жұмыс күшінен бөлек, тұтынушы да көп. Ал қаланың экономикасында шағын және орта кәсіпкерліктің алар орны қандай? Осы сұраққа жауап іздеп көрсек.

ШОБ ДЕГЕН НЕ?

Шағын және орта бизнес немесе қысқа ғана ШОБ кез келген елдің экономикасының дамуының көрсеткіші. ШОБ саны көп болған сайын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады, мемлекеттік бюджетке түсетін салық мөлшері көбейеді және жұмыссыздар саны төмендейді. Бұлардың бәрі бізге мәлім. Жалпы, ШОБ дегеніміз не, оған қандай кәсіпкерлер кіреді деген сұрақ бізді толғандырады.

2015 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік туралы» кодексі қабылданды. Заңның 24-бабында кәсіпкерлік субъектілерін үш санатқа бөлген: шағын, орта және ірі. Кәсіпорындар жұмыс істейтін жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай осылай бөлінеді. Яғни сіз ашқан бизнесте қанша адам жұмыс істейді және орташа табысыңызға қарай осы санаттардың біріне кіресіз.

Шағын кәсіпкерлер жеке не заңды тұлға болуы мүмкін. Жеке дегені жалғыз өзіңіз шағын кәсіпкер бола алатыңызды білдіреді. Ал егер заңды тұлға болса жұмыскерлер саны 100-ге дейін болуы тиіс. Сонымен қатар, табысы жылына 30 мың минималды есептік көрсеткіштен аспауы керек.

Орта кәсіпкерлік субъектілерінде жылына 100–250 адам аралығында жұмыскер істеу тиіс. Сондай-ақ, жылдық табысы 300 мың – 3 млн МЕК аралығында болады. Бұдан өзгесі ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатады.

ХАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ДЕНГЕЙІ ЖЫЛ САЙЫН ӨСІП КЕЛЕДІ

Елімізде Президентке тікелей есеп беретін Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі жұмыс істейді. Оған қарасты Ұлттық статистика бюросы бар. Жеке сайты құрылған. Онда кез келген азамат, сарапшы және өзгелер еліміздің түрлі саласының деңгейін көрсететін статистиканы ала алады. Ақпаратты алуға ыңғайлы болу үшін әр өңірдің жеке статистикасы көрсетілген. Бізге қажеті Алматы қаласы туралы мәліметтер.

Сонымен, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша заңды тұлғалардың, яғни кәсіпкерлік субъектілердің саны 149 мыңнан астам. 2022 жылғы осы аймен салыстырғанда, 7,1%-ға өскен. Оның ішінде 112 мыңнан астамы шағын кәсіпорындар. Яғни 75%-дан астамы шағын кәсіпкерлік субъектілері.

Шағын және орта кәсіпорындар тұрғындарды жұмыспен қамтуды да қолға алған. Бұл кәсіпорындарда халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі жыл сайын өсіп келеді. Мысалы, 2006 жылы ШОБ-та жұмыс істейтіндердің саны 238 305 адам болған. Ал 2022 жылы 845 056 болды. Мұндай мәліметтерді Ұлттық статистика бюросы берген. Шағын кәсіпорындардағы жұмысшылар саны 128 808 болса, 2022 жылы 493 202-ге өскен. Сол сияқты, орта кәсіпорындардағы жұмысшылар саны 34 664-тен 75 667-ге артқан.

Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны

адам	Барлығы	соның ішінде			
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дербес кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
2006	238 305	128 208	34 664	75 351	82
2010	364 006	155 150	129 972	78 831	53
2015	607 684	319 475	78 887	209 315	7
2018	609 168	350 541	70 785	187 023	819
2019	645 586	372 231	71 135	201 080	1 140
2020	634 460	366 223	72 176	194 854	1 207
2021	643 120	390 977	64 325	186 517	1 301
2022	845 056	493 202	75 667	273 607	2 580

ТҰРАҚТЫ ТАБЫС КӨЗІ

Шағын және орта бизнес қалалықтарды жұмыспен қамтумен ғана экономиканы дамытпайды. Ол тұрақты табыс көзі болып табылады. Мысалы, статистика бюросының мәліметінше, 2005 жылы 189,5 млн теңге табыс түссе, 2022 жылы 10,2 млрд теңгеге өскен. Яғни 17 жылда 6 еседі өсіп байқалды.

Орта кәсіпкерлікке қарағанда шағын кәсіпкерлер саны көп. Сондықтан да оның табысы жоғары. Былтыр шағын кәсіпкерлік 8,3 млрд теңге табыс тапқан. Ал орта кәсіпкерлік қала бойынша 1,9 млрд теңге табыс тапты.

Жылдар	2005	2010	2021	2022
Шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құны	189,5 млн тг.	1,18 млрд тг.	7,1 млрд тг.	10,2 млрд тг.
Шағын кәсіпкерлік	153,2 млн тг.	314,6 млн тг.	5,7 млрд тг.	8,3 млрд тг.
Орта кәсіпкерлік	36,3 млн тг.	872,4 млн тг.	1,4 млрд тг.	1,9 млрд тг.

АЛМАТЫ – КӨШБАСШЫ

Ranking.kz сараптамалық сайтының мәліметінше Алматы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен онда

жұмыспен қамтылғандардың саны бойынша елімізде көш бастап тұр. Мысалы, шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылу көрсеткіші бойынша Алматы қаласында биыл I тоқсанда 872 мың адам тіркелген. Былтыр сол уақыттағы көрсеткіш 720,7 мың еді. Демек, бір жыл ішіндегі өсім 121% құраған. Бұл республика бойынша орташа өсімнен жоғары. Бір жылда еліміздегі өсім 114% болған еді.

Өңірлер	2023 (I тоқсан)	2022 (I тоқсан)
Алматы қ.	872 мың	720,7 мың
Астана қ.	499,4 мың	441,3 мың
Түркістан обл.	276 мың	222 мың
Қарағанды обл.	237,1 мың	219,7 мың
Алматы обл.	228,2 мың	191,6 мың
Шымкент қ.	213,7 мың	179,9 мың
Ақтөбе обл.	173 мың	160,5 мың

Екінші орында Астана қаласы. Бірінші тоқсанда ШОБ-та 499,4 мың адам жұмыс істесе, былтыр дәл сол уақытта 441,3 мың болған. Бір жылда өсім 113,2%. Яғни тек Алматыдан ғана емес, республикалық деңгейден төмен деген сөз.

Үштікке Түркістан облысы жайғасқан. ШОБ 276 мың адамды жұмыспен қамтыған екен. Былтырғы көрсеткіш 222 мың болған. Демек, өткен жылмен салыстырғанда өсім 124,3%. Бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш екенін ескерген жөн. Алдағы 15–20 жылда Алматыдан озып кетуі ықтимал.

Бір қызығы, Шымкент қаласы мен Ақтөбе облысындағы өсім деңгейі Астана қаласынан көп. Шымкентте 119% болса, Ақтөбе облысында 118%. Соған қарағанда, екі өңірдің экономикасының болашағы бар.

Алматы ШОБ табысы жағынан да еліміздің көшбасшысы. Мұндай мәліметті Ranking.kz келтірген. Биыл I тоқсанда ЖІӨ-нің 30%-ға жуығы Алматының ШОБ-на тиесілі. Жалпы табыс 2,6 млрд теңгеге жақын. Өткен жылмен салыстырғанда, 139,7% өскен.

Өңірлер	2023 (I тоқсан)	2022 (I тоқсан)
Алматы қ.	2,54 млрд тг.	1,8 млрд тг.
Астана қ.	1,8 млрд тг.	1,3 млрд тг.
Атырау обл.	996,4 млн тг.	715,2 млн тг.
Алматы обл.	407,5 млн тг.	378,8 млн тг.
Шымкент қ.	352,4 млн тг.	220,9 млн тг.
Қарағанды обл.	321,9 млн тг.	232 млн тг.
БҚО	283,4 млн тг.	244,6 млн тг.

Алматыға ілесе Астана келеді. 1,8 млрд теңгеден астам табыс түскен. Келесі орында Атырау облысы – 996 млн теңгеден астам. Бұдан әлі күнге дейін еліміздің экономикасының драйвері ретінді Алматы, Астана және мұнайлы батыс өңірлері екеніне көзіміз жетеді.

ШОБ-ТЫ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Шағын және орта бизнесті қолдаудың қаншалықты маңызды екеніне көзіміз жетті. Алматының елімізде ШОБ-ты дамытуда көшбасшы екенін де білдік. Алайда, оған қалай қол жеткіздік?

Шағын және орта бизнесті қолдау мемлекеттік саясатын негізгі бағыттарының бірі. Соған орай, Алматы қаласы әкімдігі шағын және орта кәсіпкерлерді қолдаудың тиімді әдіс-тәсілдерін жолға қойған. Мысалы, былтыр қаңтар оқиғасы кезінде шағын және орта бизнес ең көп зардап шеккен болатын. Олардың кәсібін қалпына келтіру мақсатында шұғыл шаралар қабылданып іске асты. Бұл кезең қаламызға қазіргі әкім Ерболат Досаевтың келуімен тұспа-тұс келді. Осы бағытта тиімді атқарылған жұмыс әкімнің басты жетістіктерінің бірі десек, артық етпес.

Бұдан бөлек, институционалды деңгейде ШОБ-ты қолдау механизмдері қалыптасқан. Айта кетер болсақ, Алматы Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен Атамекен кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді. Бір ғана Алматы Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының Almaty Business–2025 бағдарламасы аясында 542 инвестициялық жоба жүзеге асқан.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



ЗАМАНАУИ КӨЛІКТЕР

Жолаушы тасымалына 17 жаңа троллейбус қосылды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде қалаға 55 троллейбус жеткізілді, оның 19-ы №1, №9, №12, №5, №11, №25, №7, №19, №6 маршруттарға берілді. Алматыда көрсетілген бағыттар бойынша тағы 17 жаңа троллейбус қосылды.

Техникалық дайындықтан өткен жаңа троллейбустар жолаушылар тасымалына шығады, соның нәтижесінде барлық 9 троллейбус бағыты бойынша 60% жаңа троллейбус қолға шығады.

Бұрын хабарланғандай, Алматының №1 троллейбус паркi Yutong ZK6128BEVG 12 метрлік төмен еденді троллейбустардың бірінші партиясын алды. Жылжымалы құрам Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен кейінгі 11 жылда алғаш рет жаңартылып жатыр.

Жаңа «Ютонгтар» жолаушылардың жайлы әрі қауіпсіз қозғалысы үшін барлық қажетті құрылғымен жабдықталған, электр қуаты өшіп қалса да батареямен жүре алады.

ФОРУМ

ЕШКІМ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

3 желтоқсанда Алматыда Халықаралық мүмкіндігі шектеулі жандар күніне арналған «Мүмкіндіктер уақыты» атты II әлеуметтік форум өтті. Жексенбі күні қаланы аралар болсаңыз, мүмкіндігі шектеулі жандарды қорғауға бағытталған іс-шаралардың өткеніне көзіңіз жетер еді. Мұның да себебі бар.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

3 желтоқсан – Халықаралық мүмкіндігі шектеулі жандар күні. Сонау 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен мүмкіндігі шектеулі жандарды қорғау мақсатында осы күн бекітілген болатын. Осылайша әлемдік деңгейде мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға әлеуметтенуіне, оларға жағдай жасау сияқты мәселелерге назар аудару бастады.

Жаһандық бастаманы Қазақстан да қолдайды. Инклюзивті қоғам құру жолында Алматы қаласының тәжірибесі көпшілікке үлгі болмақ. Осы бағытта қаламызда атқарылып жатқан іс-шаралар туралы Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов өз сөзінде атап өтті. Оның сөзінше, Алматыда 56 мың мүмкіндігі шектеулі азамат бар. Биыл оларды қолдау мақсатында Алматы қаласының



әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен инвентаризация жобасы, қаламыздағы бүкіл нысандарды мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жа-

сауы үшін паспорттау жобасы жүзеге аса бастады.

Іс-шараға отандық және шетелдік үкіметтік емес ұйым өкілдерімен қатар мемлекеттік сектор өкілдері қатысты. Парламент Сенатының депутаты Ляззат Қалтаеваның сөзінше мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау мақсатында бірнеше бағытта заң жобалары қабылданды.

Форум өзге іс-шараларға қарағанда ерекше өтуде. Айта кетер болсақ, үш бөлімнен тұрады: TED конференция, Town Hall және нетворкинг. Алғашқы бөлімде мүмкіндіктер қоғамын құру мәселелерімен айналысатын мемлекеттік, республикалық және халықаралық ұйымдардың спикерлері мен сарапшылары өз тәжірибесімен бөлісті. Нетворкингта іс-шараға жиналғандар бір-бірімен танысып, ортақ жобаларды қолға алуға уағдаласты.

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҒЫ

МЕТРОПОЛИТЕН ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Алматы музейінде көрмеге шығарылды

Осыдан он екі жыл бұрын, яғни 2011 жылы 1 желтоқсанда Алматы метрополитені іске қосылған болатын. Осы айтулы датаға орай Алматы музейі өз шаңырағында «Алматы метросы – ел мақтанышы» атты көрме ашты. Иә, метрополитеніміз осылай әспеттеуге әбден тұрарлық.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мегаполистегі метрополитен жүйесі – Қазақстандағы алғашқы, Орта Азиядағы екінші (Ташкенттен кейінгі) ашылған алып құрылыс. Еліміз үшін стратегиялық маңызды нысан. Оның ашылуын қала тұрғындарының өте ұзақ күткені рас. Құрылысы 1988 жылы басталған болатын. Сөйтіп, жанкешті еңбек ақталып, заманауи жерасты көлігіне қол жеткізілді.

Бастапқы метрожелісі жеті станциядан тұрды: «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов театры» және «Алатау». Жалпы ұзындығы 8,5 км болған. 2015 жылы «Сайран», «Мәскеу» станциялары ашылғаннан кейін метрополитен тағы 2,74 шақырымға ұзарды. Бүгінде Алматы метрополитені қоғамдық көліктердің ең заманауи түріне айналды. Басқа көліктерге қарағанда жылдам



жүреді, диттеген жеріңізге тез жетесіз, яғни алтын уақытыңызды үнемдейсіз.

Метро бекеттерінің ерекше сәулет өнерімен көмкерілген платформалары да алматылықтарды және Алматы меймандарын еріксіз баурап алары сөзсіз. Дәлірек суреттер болсақ, платформалардың қабырғалары мен едені ежелгі таңбалы жазуларда, қолданбалы өнерде және сәулет ескерткіштерінде, қазақ халқының қазіргі заманғы өнерінде кездесетін ою-өрнектермен, басқа да ұлттық реңктегі элементтермен айшықталған. Метростанциялар кен де жарық, мұнтаздай таза. Жолаушылардың қауіпсіздігіне де барлық жағдай жасалған.

Кешегі ашылған көрмеге Алматы музейі қорындағы метро тарихына қатысты құжаттар, фотосуреттер, кітаптар, марапаттар және Алматы метрополитенінің айғақты заттай материалдары, метро сызбалары, схемалары қойылған.

Көрменің ашылуына метро ардагері О.Смағұлов, метроны электрмен қамтамасыз ету қызметінің аға энергосметчери Ғ.Байқұлов, жолдар және тоннельдік ғимараттар қызметінің бас инженері Е.Мамырбеков қатысып, метро тарихына қызығушылық білдірген қала тұрғындары мен қонақтарына қызықты естеліктер айтып берді.

АБАТТАНДЫРУ

ТИІМДІ ӘРІ
САПАЛЫ

жаңа аялдамалар халық үшін ыңғайлы жасалған

Мегаполисте көлік инфрақұрылымын жаңғырту кешенді жұмыстармен жалғасуда. Бүгінде қала көшелерінен байқасаңыз, заман талабына сай жаңа аялдамалар орнатыла бастады. Бұл жаңашылдық алматылықтардың көңілінен шығып жатқандай...

Урбанист Дидар Шажалиев Алматы қаласы Наурызбай ауданындағы №7 қалалық клиникалық аурухананың алдына қойылған аялдама кешеніне қатысты өз пікірімен бөлісті.

Жаңа аялдама сапалы материалдардан жасалған. Сонымен, шатыр алюминиймен жабылған, ал металл жақтау ағашпен қапталған. Барлық ағаш элементтер отқа төзімді, су өткізбейтін және арнайы құралдармен өңделген. Аялдамада ұзындығы 18 метр орындық қойылған.

Сарапшы атап өткендей, жаңа аялдаманың басты артықшылықтарының бірі – сыйымдылық.

– Мұндай аялдама туралы сенімді түрде «адамдар үшін жасалған» деп айтуға

болады. Яғни қандай да бір стандартты жоба ғана емес, азаматтардың қажеттіліктері ескерілген. Кез келген ауа райында мұнда көптеген адамдар жайлы орналаса алады, – деді Дидар Шажалиев.

Айта кету керек, аялдаманы жөндеу ауданның аялдама кешендерін ұстауға бөлінген қаражат есебінен жүргізілді.

Бүгінгі таңда Наурызбай ауданында 139 аялдама павильоны бар. Келесі жылы тағы 6 орнату жоспарлануда. Сондай-ақ, барлық аялдамаларға шағын мерзімді жөндеу жүргізіледі, оларда атауы бар тақтайшалар пайда болады, қажет болған жағдайда урналар жаңартылады.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ

жолаушыларға аса тиімді болып тұр

Метромен жүретін жолаушылар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Мәселен, биылғы жаңа оқу жылы басталысымен жолаушылар саны 70 мыңнан 90 мыңға дейін өскен.

Талдау көрсеткендей, тіпті жолаушылар саны күніне 100 мыңға дейін көбейгендігі байқалған. Осыны ескерген Алматы метрополитені жылжымалы құрам санын арттырды. Енді қала тұрғындарына қарбалас уақытта желіде 11 құрам 5 минут 38 секунд жиілікпен қызмет көрсететін болады. Әр құрам жалпы сыйымдылығы 900 адамнан асатын 4 вагоннан тұрады.

Еске сала кетейік, Алматы метрополитенінде қазіргі кезде 11 станция бар. Әрі қарай 4 станцияның құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.



САРАПТАМА

Дубайда өткен Климат жөніндегі дүниежүзілік саммиттен кейінгі ой

ЖАҢАНДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазақстан әлем елдерін климаттың өзгеруімен күресуге шақырды

1 желтоқсанда әлем елдерінің көшбасшылары Біріккен Араб Әмірлігінде жиналды. Жиналуға себеп болған жаһандық деңгейдегі мәселе – климаттың өзгерісі. Дубай қаласында өткен Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитке 140-тан астам елдің көшбасшылары қатысты. Қадірлі қонақтардың ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та бар. Мемлекет басшысы 40-тан астам елдің басшылары, халықаралық және аймақтық ұйымдардың жетекшілерімен қатар сөз сөйледі.



(Сурет: akorda.kz)

Астана әлемге үндеу тастады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 желтоқсанда Дубайдағы конференциясы аясында өтіп жатқан Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте сөз сөйледі. Сөзінде біз мән беруіміз керек мәлімдемелер мен бастамалар айтылды.

Кейбір мәлімдемелердің астарында терең саяси мән бар. Мысалы, Мемлекет басшысы: «Шағын аралдардағы мемлекеттерге, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы және дамуы кенжелеп қалған елдерге зор қауіп төніп тұр. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық және энергетикалық қауіпсіздіктің болмауы климат мәселесіне назар аударуды қиындастырып отыр», – деді. Мұндағы шағын аралдардағы мемлекеттер, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы және дамуы кенжелеп қалған елдерге кімдер кіреді?

Шағын аралдардағы мемлекеттерге Антигуа және Барбуда, Багам аралдары, Барбадос, Бахрейн, Беллиз, Вануату, Гаити, Гайана, Гвинея-Бисау, Гренада, Доминика, Доминикан Республикасы, Кабо-Верде, Кирибати, Комор

аралдары, Куба, Маврикий, Мальдив аралдары, Маршал аралдары, Микронезия, Науру, Палау, Папуа–Новая Гвинея, Самоа, Сан-Томе және Принсипи, Сент-Винсент және Гренадина, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Сейшель аралдары, Сингапур, Соломон аралдары, Суринам, Тимор-Лешти, Тонга, Тринидад және Тобаго, Тувалу, Фиджи, Ямайка кіреді. Олар құрлықтардан алыс болғандықтан Халықаралық сауда мен қоршаған ортаның өзгерісіне тәуелді. Егер геосаяси тұрақсыздық болса халықаралық саудаға кері әсер етеді. Мысалы, Трамп Президент болған тұста АҚШ пен Қытай арасындағы экономикалық соғыс арал елдерінің экономикасына кері әсер етті. Саудадан күнін көріп отырған шағын аралдардың халқы бұдан зардап шегеді. Ал ауадағы метанның көлемі өскен сайын әлемдегі мұздықтар еріп, бұл аралдар жоғалып кетуі мүмкін.

Теңізге шығатын мүмкіндігі жоқ мемлекеттер қатарына Қазақстан да кіреді. Сондықтан Президент бұл сөзінде біздің еліміз секілді елдерге геосаяси текетірес пен энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің шешілмеуі

үлкен дағдарысқа алып келуі мүмкін деген ойды жеткізді.

Жалпы, бұл мәселе Орталық Азия елдеріне де қатысты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев «2050 жылға қарай жаһандық температураның 1,5 градусқа дейін көтерілуін шектей алғанымызбен, Орталық Азия елдері бәрібір температураның 2,5 градусқа дейін жоғарылау мәселесімен бетпе-бет келеді. Бұл су тапшылығына, қатты ыстыққа, шөлге және экстремальды гидрологиялық құбылыстарға әкеп соқтырады», – деді. Сондықтан Мемлекет басшысы әлемдік қоғамдастықты Халықаралық Арал теңізін құтқару қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырды.

Жүйелі саясат жүзеге асуда

Климаттың өзгеруімен күрес бұл имидждік шара емес. Себебі, болашақ ұрпақтың өмір сүруіне жайлы орта қалдыру жүгі артылған. Бұл бағытта науқаншылдық пен жүйесіздікке бой алдыруға болмайды.

Қатардағы азаматқа Президенттің биылғы

Парламент Мәжілісі:

ДЕПУТАТТАР САЯСИ БЕЛСЕНДІ МЕ?

Депутаттардың саяси белсенділігін анықтаудың бір жолы олардың тиісті мемлекеттік органдарға сауалдарын талдау. Себебі, осы сауалдарда халық қалаушылары сайлаушылардың талап-тілектерін жеткізеді. Биыл 19 наурызда сайлау өткені бәрімізге мәлім. Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау нәтижесінде жаңа құрам қалыптасты. Бұдан сәл бұрынырақта газет беттерінде VIII шақырылым депутаттарының I сессиядағы саяси белсенділігін талдаған едік. Қыркүйектен бастап ай сайын саяси партиялар мен депутаттардың сауалдарын талдауға көшкеніміз белгілі. Енді осы дәстүрді әрі қарай жалғастырсақ. Қараша айында өткен айлармен салыстырмалы түрде қарағанда сәл де болса өзгеріс байқалады.

Объективті және субъективті себептер бар

Газетіміздің №132 санында «Қазан айында қай саяси партия белсенді болды?» тақырыбында сараптамалық материал жариялаған едік. Онда қазан айында жалпы Парламент Мәжілісі депутаттарының белсенділігі төмендегенін атап өткенбіз. Қыркүйекте барлығы 66 депутаттық сауал жолданса, қазан айында оның саны 35-ке түскен. Ал қараша айында саяси белсенділік қайта көтерілген. Халық қалаушылары ұзын саны 51 сауал дайындаған. Бірақ әлі де қыркүйектегі деңгейге жете қоймады.

Депутаттардың саяси белсенділігінің түсу не төмендеуіне бірнеше фактор әсер етуі мүмкін. Олар объективті және субъективті себептер. Объективті себептерге қоғамдағы даулы мәселелердің өршуі түрткі болады. Өйткені, осы мәселелерді депутаттар сауалдарында көтереді. Ал субъективті себептерге жаңа саяси маусымның басталуы, әлде жеке фактор әсер етеді. Мысалы, қыркүйекте жаңа саяси маусым басталды. Кез келген істі бастағанда алғашқы кезеңде белсенділік артатыны белгілі. Сондықтан да 66 сауал жолданды.

Айы	Барлығы	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек	66	32	10	7	6	3	3
Қазан	35	13	5	5	4	2	1
Қараша	51	30	5	5	3	2	2

AMANAT – көшбасшы, ЖСДП мен Respublica – көш соңында

Қарашада Мәжілістегі барлық партия белсенді болды деп айта алмаймыз. Мәжілістің саяси белсенділігінің артуына билеуші AMANAT партиясының қосқан үлесі көп. 51 сауалдың жартысынан астамын «аманаттықтар» жолдады. 30 сауал жолданып өткен айдағы көрсеткіштен екі есе жақсы нәтиже көрсетті. Осылайша AMANAT көш бастап келеді. Тіпті, қыркүйектегі деңгейге жетуге сәл қалды.

«ЖСДП» мен Respublica баяғы жартас, сол жартас. Әлі көш соңында. Ақ жол мен ҚХП өткен айдағы нәтижені қайталады. Ал «Ауыл» партиясының әр ай сайын белсенділігі түсіп жатыр.

Бірлесе көтерген жүк жеңіл ме?

Саяси партиялардың тағы бір ерекшелігі, өзге фракцияларға бірлесіп депутаттық сауал жолдай алады. Қарашада «Ауыл» партиясы белсенділік танытты. Партияның депутаттары өзге фракциялар бастамашыл болған мәселелерді қолдап, 13 сауалға қосылды.

«Ақ жол» және Respublica өзге партияларға ілесуді жөн көрмеген. Бар болғаны 4 сауалды қолдаған.

Өзге партияға бірлесе жазғаны	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек	13	7	28	13	15	11
Қазан	9	0	6	6	8	5
Қараша	6	4	9	13	4	11

«Билеуші партияны» қолдау басым

Ал партиялар қай фракцияның бастамаларын көп қолдаған? Өрине, билеуші AMANAT партиясының. Бұл жағынан «ауылдықтар» көш бастап тұр. Олар «аманаттықтардың» 8 бастамасын қолдаған.

Бір қызығы, оппозициялық партия саналатын ЖСДП-ның өзі билеуші партия бастама көтерген 6 сауалға қолдау көрсеткен. Ал олардың өзге фракцияларды қолдау деңгейі төмендеу. Тағы мән беретін факті барлық партия ҚХП бастамаларын қолдаған.

Көрсеткіш	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қай партиямен бірлесе жазған?	ҚХП – 3 Ақ жол – 1 Ауыл – 1 ЖСДП – 1	AMANAT – 3 ҚХП – 1	AMANAT – 6 Ақ жол – 2 Ауыл – 1	AMANAT – 8 ҚХП – 3 Ақ жол – 1 Respublica – 1	AMANAT – 2 ҚХП – 2	AMANAT – 6 ҚХП – 3 Ауыл – 1 Respublica – 1

Бетті әзірлеген
Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





МЕДИАФОРУМ

«МАҚСАТ – ТҮБІ БІР ТҮРКІНІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ»

Алматыда
III Халықаралық
түркітілдес
журналистер
медиафорумы өтті.



Досбол
АТАЖАН

Алматыда «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ мен Дүниежүзілік шетелдік баспасөз ассоциациясының ұйымдастырумен «Turktime: түркі мемлекеттерінің медиа бірлігі» тақырыбында III Халықаралық түркітілдес журналистер медиафорумы өткізілді. Форумға Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен, сондай-ақ Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркия, Бельгия, Британия, Нидерланд елдеріндегі түркітілдес БАҚ басшылары, журналистер, медиа саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ЖОО журналистика факультеттерінің оқытушылары қатысты.

Форумда отандық және шетелдік медиа сарапшылар Түркі мемлекеттерінің ақпараттық ынтымақтастығы, кәсіби этика, құқық және ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, контентті монетизациялау мәселелері, жасанды интеллект трендтері мен оны медиа кеңістікте қолдану тақырыбы талқыланып, тренинг өткізілді.

«Медиафорумда біз Қазақстан мен түркі елдерінен жиналған әріптестерімізбен бірге медиа са-

ласындағы түйткілдер мен оларды шешудің жолдарын қарастырып отырып, ортақ жобалар жасауды кеңесеміз. Басты мақсатымыз – түбі бір түркінің тарих, руханият, өнер, экономика мен саясатын түркі халықтарына насихаттау, оларды бір-біріне жақындастыру. Өкінішке қарай, 70 жылға жуық үстемдік құрған Кеңестер Одағы бауырлас халықтарды бір-біріне жат қылды. Өліпбиін өзгерту арқылы қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, башқұрт, қарақалпақ, тағы басқа ұлттардың арасындағы бауырластық байланысты үзуге тырысты. Біз, түркі елдерінің ақпарат құралдары мен журналистері осы олқылықтардың орнын толтыруға күш салуымыз қажет. Ол үшін қысқамерзімді және ұзақмерзімді стратегиялық жоспарларды құра отырып, мақсатты да үздіксіз дамуға мүдделіміз», – деді «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ жетекшісі Нәзия Жоямергенқызы.

Айта кеткен жөн, форум аясында «Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» тақырыбында семинар-тренинг өткізілген болатын. Сондай-ақ, қаржы тақырыбындағы «Еркін сөз–2023» және «Әлеумет – қоғам айнасы–2023» байқауларының жеңімпаздары анықталды.

2023 жылдың тамызында Түркітілдес журналистер қоры Қазақстан, Ұлыбритания, Германиямен бірігіп Дүниежүзілік баспасөз ассоциациясын құрған болатын. Бүгінгі күні бұл қауымдастыққа Қазақстан төрағалық етіп отыр.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ

«Ұ.Ж.ҚҰЛЫМБЕТОВ – ҚАЗАҚ БИЛІГІНІҢ АҚСАҚАЛЫ»

ел астанасын Қызылордадан Алматыға көшіруді басқарған жанкешті мемлекет қайраткері туралы кітап жарық көрді

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы кітапханасының оқу залында осы оқу орны мен «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қоры Ақтөбе облыстық филиалы бірлесіп ұйымдастырған басқосуда «Ұ.Ж.Құлымбетов – қазақ билігінің ақсақалы» кітабының тұсаукесер рәсімі жасалып, авторлармен кездесу өтті.



Айнабай
МӘДИ

Қазақ билігінің ақсақалын еске алуға арналған жиынды «Қаһармандар» РҚК Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы, өлкетанушы Б.Мырзабай жүргізіп отырды. Басқосуда Қазақ ұлттық өнер академиясының оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Ш.Әмірбеков еліне, халқына адал қызмет еткен ұлы тұлғаға арналған кітаптың мазмұнына аз-кем тоқтала кетті. Тұсаукесер рәсімін профессор Шәріпбек Әмірбеков, көрнекті мемлекет қайраткерінің қызы, ұлағатты ұстаз Орынша Құлымбетова – Қазыбаева, тарихи ақтандақтарды зерделі зерттеуші, жазушы Бейбіт Қойшыбаев жасады.

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы Ханкелді Әбжанов «Кітап қалай жазылды?» тақырыбында баяндама жасады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.д. Светлана Смағұлова – «XX ғ. 20–30 жж. Ұ.Құлымбетовтың ашаршылықты ауыздықтаудағы қызметі» тақырыбында, ҚР Орталық мемлекеттік архиві әлеуетті зерттеулер орталығының меңгерушісі, т.ғ.к.,



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

доцент Зира Төленова кітаптың жазылу жайынан сыр шертіп, ҚР Президенті мұрағатының XX ғ. қуғын-сүргін материалдарын зерделдеу орталығының басшысы, с.ғ.д., профессор Гүлшат Нұрымбетова «Қуғын-сүргінге ұшыраған Ұ.Құлымбетовтың құжаттары Президент архивінде», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты Баян Назымханова «Ұ.Құлымбетовтың оқу-ағарту саласындағы қызметі» тақырыбында баян етті. Алтынның сынығы, ұлы тұлға Ұзақбай Құлымбетовтың ұрпағы Орынша Құлымбетова – Қазыбаева өз естелігімен бөлісті.

Қажырлы мемлекеттік қайраткер Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетовтың басылылығымен атқарылған істер: экономика-

дағы бес жылдық жоспар, әкімшілік-шаруашылық басқаруды жүйеге келтіру, яки аудандастыру, салық тәртібін жөнге келтіру мен ірі кен орындарының шикізаттық қуатын ел ішіне қайта бөлу. Ірі экономикалық жоба – Түркісіб теміржолын жүргізу, маңызды өнеркәсіп орындарын құрып, оған жергілікті жұмысшы мамандарын даярлау, мал шаруашылығын дамытумен қоса, тоқыма, жүн-тері илейтін зауыттар ашып, жеңіл өнеркәсіпті дамыту, ауылдарда кооперативтер құрып, шикізат илейтін шағын цехтар мен ұсақ кәсіпшілік құру. Бір жағынан бүгінгі көзқараспен алғанда, шағын және орта бизнес нысандарын көбейту.

Ол 1925 жылы республика Халық шаруашылығы орталық кеңесінің төрағасы,

1926 жылы Өлкелік комитеттің халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары болып, әрі Өлкелік жоспарлау комитетін басқарды. Ол – 1928 жылдан Қазақ өлкелік ішкі және сыртқы сауда халық комиссары, Республикалық халық комиссарлары кеңесінің төрағасы. Қазақ автономиясының орталығы Орынбордан Қызылордаға ойысқан ел астанасын Қызылордадан Алматыға көшіруді басқарған іскер ұйымдастырушы әрі жанкешті мемлекеттік қайраткер.

1935–1937 жылдары Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болды. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде Ұ.Құлымбетов Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Сейфуллинмен бірге «контрреволюциялық топ құрды» деген айыппен қамауға алынып, 1938 жылдың 21 наурызында 47 жасында 19 комиссармен бірге атылды. Сүйегі Алматының іргесіндегі «Қандысайдағы көп шұңқырдың бірінің астында қалды. Ұ.Құлымбетов атылып, әйелі Әйіш 10 жыл АЛЖИР лагерінде «жазасын» өтеді.

Құлымбетовтың көзі тірі жалғыз ұрпағы сексеннің сенгіріне шыққан ұлағатты ұстаз, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Орынша Қарабалина-Қазыбаева: «Әкем қай губернияға жұмысқа жіберілсе де, барған жерінде мектептер ашқан. «Елдегі балалардың 25 пайызы ғана мектепке барады, Одақтағы жетім балалардың үштен бірі – Қазақстанда...» деп орталыққа, М.Калининге хат жаза келе, қаржы бөлгізеді. Көп еңбектері қолды болды, ұсталған кезде қолжазбаларын өртеп жіберді. Бүгінде ғалымдардың көмегімен әкеміздің 1400 беттен тұратын баяндамасы мен еңбектері жинақталды. Мына кітап соның бір бөлігі. Ұсталып жатқанда, көп еңбектерін алып кетіп, тіпті қолжазбаларын өртеп жіберген», – дейді тұлпардың тұяғы Орынша апамыз.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

XXI ғасыр ғылым мен технологияның дәуірі. Бұл сөз әлдеқашан қағидаға айналған-тұғын. Бүгінгі күні ғылыми-технологиялық процесс үдеп барады. Бұның ақыры қалай болатыны – жұмбақ.



**Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ**

Қазіргі таңда жаңа технология, жасанды интеллект және робототехника жасау салалары қарқынды дамып барады. Кім тың технологияның тілін жетік игереді, соның наны мол болып тұр. Әр ата-ана бала-шағасын техникалық мамандыққа үндейді. Оған талапкердің икемі бар немесе жоқтығына қарамайды. Содан барып түрлі кәсіпкерлік шығып жатыр. Сарапшылардың есебінше, өз мамандығымен жұмыс істейтіндердің үлесі 5/3 екен. Демек, бейіміне қарай бағытталатындар 60–70%-ды құрайтын көрінеді. Бұл заман талабы болар.

Бүгінде smart technology, smart house, smartphone дейтін терминдер көбейді. Сол бойынша маманданған адамдар іске кірісті. Бұлар дүниені құбылтып жатыр.

АДАМДЫ АЛМАСТЫРА БАСТАДЫ

Робототехниканы дамыту – заман талабы. Осы бір ауыз сөз соңғы кездері ұстанымға айналғандай. Қанша жерден айтпайын десең де, адам шығармашылығы ұшқыр. Жаратқан берген ойлау қабілеті арқылы неше түрлі роботтар дүниеге келіп жатыр.

Дүние жүзінде Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ, Қытай сияқты державалар жаңа технологиядан алдына жан салмайды. Алпауыттар ойлап тапқан жетістік күллі дүниеге мәшһүр. Соны сатып алуға бәрі мүдделі. Өйткені, онсыз өмір қиындайтын сияқты. Бұл қалтасында ақшасы бар адамға ең тиімдісі болып тұр. Дәлірек, үй шаруашылығын жасау, зауыт пен фабрикалардағы түрлі өндірісті жүргізу, қауіпсіздік қызметі, даяшы, сервистік қызмет – баршасын атқарып тұрған ғажайып бар. Ол – робот. Өзірге



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

роботтар атқаратын іс шашамен 5% төңірегінде шығар. Алайда, уақыт өткен сайын бұл көрсеткіш үдеп барады. БҰҰ дерегі бойынша болашақта 50% кәсіп жойылып, соның орнына жаңа іс шығуы бек мүмкін. Ол жағын уақыт көрсетер.

Мәселе робототехниканың өзінде. Яғни тірліктің барлық саласын робот атқара беретін болса, түбі қиынға соғады. Адам ісі азайып, оны ақылды интеллект атқара бастайды. Бұның бірқатар зиянды тұсын болжаймыз.

Дәлірек:

- Адамның қимыл-қозғалысы азаяды.
- Ауру-сырқауға душар етеді.
- Робот мамандықтарды жояды.
- Робот адамның басқарылуынан шығып кетуі мүмкін.

Робототехниканы дамытудан қорықпайтындар қатары да көп. Себебі, жыл өткен сайын қарым-қатынас сиреп барады. Бірбірімен тілдеспейтіндер саны артты. Одан да

смартфонға телміреді. Өмірдің бар қызығын виртуалды әлемнен іздейді. Негізінен отбасында жұмсайтын адамы аз егде жастағы адамдарға жасанды интеллект таптырмас құрал. Былайша айтқанда, шай-тамағын дайындап беріп, үй-жайын тап-таза етіп, дүкеннен қант, сүт, май, нан әкеліп тұрса кімнің де жаны жадырар. Роботтың тиімді тұстарын санамалап келіп, төмендегідей жіктеулерге бөлеміз.

Нақтырақ:

- Таптырмас көмеңші құрал.
- Өндірістегі қиын істің қиынын келтіреді.
- Қашықтықтан виртуалды басқарылады.
- Жан сезіміңді айта аласың, бәрібір сыр иашпайды.

Робототехникадан үрейленудің қажеті де жоқ сияқты. Қанша жерден қаламасақ та, дамып жатыр. Себебі, бүгінгі қоғамдық санада қажеттілік тудырады. Заман дамыған сайын жалқаулық күшейіп, әсіресе, іс-әрекеттер түгесілуде. Осы тақырып жөнінде

ой-пікір сан түрлі. Алайда, қазіргі уақытты роботсыз елестету қиын болып барады.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ӘСЕРІ ӘРТҮРЛІ

Негізінен жер қойнауында шикізаты аз елдер күн көрудің сан тәсілін ойлайды. Қолдағы барын ұқсатады. Басындағы білімді сыртқа экспорттайды. Әлемде «идея сату» дейтін бастама әлдеқашан жүзеге асқан. Капиталистік мемлекеттер ғылымнан пайда тауып отыр. Сонымен бірге, экономикаға әжептәуір пайда түсіреді. Жапон, қытай, неміс робототехника жасаудан жанына жан салмайды. Барынша құлшынып, технологияны дамытып жатыр.

2050 жылдары аспанда көліктер самғайтыны анық. Бұны талай сарапшылар болжап қойған. Бұрын ғарышқа арнайы ғарышкерлер ұшатын. Қазір олигархтар сапарлайтын әуе кеңістігіне айналды. Баяғыда жерден басқа ғаламшарда тіршілік жоқ дейтін. Басы қатты істейтіндер бұл пікірдің жаңсақ екендігін дәлелдей түсті. Тылсым құпиялардың сыры біртіндеп ашылып жатқандай. Қанша жерден аспанға секіріп, айға ұшқанмен бір құдіретті тылсым күштің жасайтындығы ақиқат. Оның кілтін табу, бәлкім мүмкін емес-ті.

Робот жасамайтын елдер қатары сиреді. Ғалымдар темір құрылғыға жан беруге мейлінше әуес. Өздігінше ойланатын робот жасауға әркім құмар. Ойланатын қарасақ, ғылыми технологияның жетілу биігінде тұрмыз. Кемелінен асқан нәрсе мәңгі бақи басқаратын мәселеге айналып кетіп жүрмесін. Шетелдің экшн фильмдерінде әлемді зомби жаулап, робот билеп алып, жер-жаһанды алай дүлей, астаң-кестең етеді. Біз бір көріп, жай фантастика деп қарай саламыз. Алайда, бүгінгі өмір аяндап соған келе жатыр. Бұны жақындатып отырған өзге ғаламшарлықтар емес, өзіміз ағайын.

Жер ғаламшары адамның жұмағы мен тозағы. Қалай күтіп-баптап ұстаймыз, ол жағы өзімізге тікелей байланысты. Адам баласына әрі кетсе 1 ғасыр ғұмыр берілген. Соны тиімді пайдаланып, өз рахатымызға күн кешкен дұрыс. Ағайын-туыс, дос-жаран ортасында арқа-жарқа күн кешіп, бірде күйіп-пісіп, арасында қуанып маз-мейрам болып жүру тек адамға берілген ғанибет. Ал роботқа сезім берілмеген. Өйткені, оның сұлбасы темір. Мың жерден басына чип бағдарламасын орнатқанмен, белгілі бір стандартты ғана орындайды. Одан әрі асу құл-темірге бұйырмаған. Адамда сезім бар, ал роботта ол жоқ.

ТҮЙІН:

Робототехнологияны дамытқанымыз жөн шығар. Бірақ әуелі өз шаруа-мызды шалқайтып, бел шыдайтын іске кіріскеніміз абзал. Ел ішінде «ат-тылығы ерем деп, жаяудың таңы айрылыпты» деген ұлағатты сөз ұшыра-сады. Сол себепті, тұрмысымызды түзеп, оң-солды бағамдап, геосаясат ахуалын байқап, керекті техникалық бағыттарға басымдық берген жөн-ау. Мұны аузы дуалы талай қайраткер, білгір сарапшылар айтып жүр. Түсін-ген жанға астарлы пайым түсінікті болар демекпіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азат АРДАҚҰЛЫ, IT маманы:

ҒАЛАМДЫҚ ТЕНДЕНЦИЯ – ЦИФРЛЫ ҚОҒАМ ҚҰРУ

XX ғасырдың 60-жылдары интернет кабельдері дами бастады. Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігінің байланыс құралы ретінде дүниеге келген еді. Міне, содан бастап байланыс жүйелерінің бойына қан жүгірді. Естеріңізде болса, осы бір тенденция 1980 жылдары жетіле түсті. Еуропа іліп әкетіп, компьютер дейтін құрылғы пайда болды. Алғашқыда көлемі үлкен болатын. 1990 жылдары дами келе көлемі ыңғайланды. 2000 жылдардың басында үстел үстінде ғана пайдаланатын жеке-дара құрал болып қалды. Одан бөлініп, 2010 жылдары смартфондар көбейді. Яки, телефон арқылы ақпарат алмасу ұлғайды. Осы күні бір ғана iPhone телефонының өзі сан түрлі форматта жасалады. Жалпы жаңа технологияның жаңа бейнесі, ол – робототехнология.

Қай техника болмасын, басында қауіпсіздікті сақтау маскатында түзілген. Дами келе әлемдік аренаға шығып кеткен. Соның арқасында жас таланттар өз өнімдерін интернет арқылы пұлдап келеді. Бұған жоғары оқу орнын тауысып қажет емес. Неғұрлым ғаламторды жетік білсе, соғұрлым тиімді адамға айналады. Бұл қазіргінің қажетті тенденциясы.

Илон Маск Марсты игермекші. Ғаламға танылған алпауыттар осы тарапқа басымдық бере бастады. Дамыған елдерде туу көрсеткіші төмендеді. Олардың ойынша бала тиімсіз. Адам өз-өзіне қарап, ғұмырын ғажайып етіп өткізуді місе тұтады. Ғаламдық тенденция – цифрлы қоғам құру, соны қалайда дамыту. Сандық формат, компьютер, интернет – барлығы бірімен-бірі тығыз қарым-қатынаста. Түбі әлем IT-технологияның пайдасы мен зиянын бірдей көруі әбден ықтимал.


Төлепберген ҚАДІРОВ, физика және математика мұғалімі:

РОБОТПЕН ОЙНАМА, ОЙЛАН!

Қазіргі мамандықтарды көріп танданасын. Техникалық бағытқа бөлінген грант саны көп. Кейде грант үшін тестке дайындалады. Сөйтіп, талапкер грант үшін оқуға ілінеді. 4 жыл бойы оқып жарытпайды. Олай етіп өз-өзінді қинап қажеті не?

Қазіргі оқушылардың ойлау жүйесі тым басқа. Есеп берсең, есептеуіш құралға жүгінгісі келіп тұрады. Бұрын бізді арифметикамен оқытқан. Бүгінгің есебі мүлде бөлек. Бала түгілі, мұғалім ойланатын есеп-қисап жетерлік. Кейде жас өрендермен тілдесеміз. Сонда балалардың біразы робот жұмсап, болашақта барлық шаруаны соған жүктеуге ынтық. Олай бола қоймас. Адамзаттың барша құндылығын роботтың игілігіне берсеңіз, түбі құрдымға алып келуі ғажап емес. Өз кезегінде Альберт Эйнштейн, Нобель сияқты физик әрі математик ғалымдар неше түрлі формула ойлап тапты. Кейбірі жарылғыш затты шығарды. Сөйтіп, ғылыми жетістігі адамзатты жаппай қырып-жоятын қаруға алып келгендігін көріп, өкінді.

Роботтар адамның басқарылуынан шығып кететін сияқты. Робототехника жасаймыз деп жылжымайтын мүліктің баршасын сеніп тапсырамыз. Күндердің күнінде әлемде мойындалған 5-6 державадағы атом бомбасының түймесін басып қалса не болмақ? Онда жер ғаламшарының күлі көкке ұшады ғой. Әрине, ондайдың бетін аулақ қылсын. Данышпан Абай атамыз «бар ғаламат шығады ойдан ғана» деп бекер айтпаған болар. Сондықтан адамзатқа тиесілі құндылықтың түгелін роботқа беріп жүрмейік. Бұның түбі түпсіз хәм бұлыңғыр.





ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің құрылғанына 25 жыл толуына орай іс-шара өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мерекелік бағдарлама барысында жауынгерлік міндетті атқаруда қырағылығымен көзге түскен әскери қызметкерлер, орган қызметкерлері және Ұлттық ұлан ардагерлері грамоталармен, бөлімнің құрылғанына 25 жыл толуына орай төсбелгілермен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Салтанатты жиын патриоттық сарындағы концерттік бағдарламаға ұласты.

Бөлімнің негізгі міндеті – бұқаралық қоғамдық-саяси, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау. 25 жылдың ішінде бөлімнің жеке құрамы барлық қызметтік-жауын-



ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

жедел мақсаттағы бірден-бір әскери бөлім

герлік міндетін орындап келеді. Осы кезеңде ПОҚ-ның 4 мыңнан астам міндеті орындалды, мыңнан астам қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар өткізілді, 300 мыңға жуық қоғамдық тәртіп бұзушылар ұсталды. 150-ге жуық атыс және суық қару тәркіленді.

Ұлттық ұландағы жедел мақсаттағы әскери бөлімдерінің жеке құрамы Ішкі істер органдарымен бірге қоғамдық тәртіпті сақтау үшін Алматы қаласында патрульдік-бекеттік қызмет атқарады. Сондай-ақ, қалада өтетін бұқаралық, қоғамдық, мерекелік және спорттық іс-шаралар кезінде тәртіпті қадағалайды. Бөлімнің арнайы құрамы қызметін қалада ғана емес, қажет болғанда елдің басқа елдімекендерінде де абыроймен атқарып келеді.

Әскери борышын атқарып жүрген сарбаздардың арасында әскери өмірді таңдап, әрі қарай келісім-шарт бойынша қалатындар да бар. Ұлттық ұланның әскери бөлімінде ерлігімен көзге түскен ұландық сарбаздар көбейген.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бакдәулет ОРАЛҰЛЫ,
ҚР Ұлттық ұланы Кеңес Одағының батыры, гвардия полковнигі
Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің командирі,
полковник:

Жедел мақсаттағы бригадада қызмет етеміз

4 желтоқсанда 5571 әскери бөлімінің құрылғанына 25 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде біздің бөлімнің жеке құрамы айтарлықтай жетістікке жетті. Біз Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның қатарында аса маңызды қызметі бөліміндеміз. 1998 жылы 4 желтоқсандағы ҚР Ішкі істер министрінің №9 бұйрығына сәйкес 5571 әскери бөлімі құрылды. Бөлімнің алғашқы командирі болып полковник Әбдісадық Ережепов тағайындалды.

Еліміздің бақыт бесігі – Тәуелсіздік. Қазіргі жастар өткен тарихи оқиғалардың куәсі болмаса да, сол тарихтың жалғасы. Әскери бөлімнің қызмет атқарған жылдарында көптеген әскери қызметші мемлекеттік марапаттармен марапатталды.

5571 әскери бөлімінің әскери қызметшілері қоғамдық тәртіпті және азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғап келеді. 2022 жылы 1 шілдеден бастап 5571 әскери бөлімі жедел мақсаттағы бригада болып аталды. Кейін 2022 жылдың 22 қарашасында біздің әскери бөлімімізге Құрметті атақ – Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атамyzдың есімі берілді.

ТӘРТІП

БІЗ ЗАҢ АЯСЫНДА ӨМІР СҮРЕМІЗ

Сүйікті қаламыз Алматының тыныс-тіршілігі күнделікті көзге көріне бермейтін қоғамдық қатынастармен астасып жатқанын бейқам өмірде ешкім де аса байқай бермейді. Десе де, сол бейқам өмірді қамтамасыз етіп тұрған ересен күш бар. Мұны заң мен тәртіп деп айта аламыз.

Қаламыздың тұрғындарының біршамасы заң талаптарын сақтап, тәртіп бұзбай тіршілік етіп жатқанымен, кейбірі заңнан аттап, бекітілген заңдық ережені бұзып, сол үшін нешеме жауапқа тартылып жатады. Мұндай көріністің орын алуы қала халқының құқықтық сауаттылығымен, құқықтық мәдениетімен тығыз байланысты.

Бір сәт мән беріп қараңызшы айналаға, таң бозынан қалада жөйткіген көліктер... Адамдар жан-жаққа асығып жүріп жатыр. Осының бәрі бір үйлесімділік арқылы болып жатқандай. Бұл қала халқының құқықтық сауаты мен мәдениетінің жоғары екенін көрсетеді емес пе?!

Кенеттен... бір автокөлік жылдамдығын асырып, жол көлік оқиғасын жасады делік. Жаяу жүргінші жолынан өтіп бара жатқан адамды қағып кетті. Сөйтіп де, жаңағы біз тамашалап тұрған бейқам тірліктің мәні бұзылды делік, адам өміріне, тіптен көлік айдаушының өз өміріне де қауіп төнді емес пе? Бұл жерде қоғамға келтірілген зиянның дәрежесіне қарай, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік орын алуы мүмкін. Жолда көлік жылдамдығын асыру кезінде қанша сандық камераға түссеңіз... сонша рет айыппұл төлейтініңізді де ұмытпаңыз.

Осы сияқты көптеген мысалдарды келтіре беруге болады. Кез келген заң қоғамдағы нақтылы қатынасты реттеу үшін қабылданады. Қанша түрлі қоғамдық қатынас болса, сонша санды заң қабылданған. Сондықтан бізде не көп, заң көп. Ал оның орындалуы екінші мәселе.

Егер барлық қоғамдық қатынасқа түсуші субъектілер заң талаптарын қатаң сақтай отырып, жұмысын істеп, отбасын қалыптастырып, қоғамға өз үлесін қосар болса, сүйікті қаламыз бен егемен еліміз қарыштап дами түсері сөзсіз. Біз соны табанды түрде тыңғылықты қамтамасыз етуге тиіспіз. Сол үшін де заңнан аттамай, өзіміз біте қайнасқан заңдылықтарды сақтауымыз қажет.

Біз адам құқықтары заңмен қорғалған, адам өмірі ең қымбат қазынасы екендігі Конституцияда бекітілген, құқықтық мемлекетті құрушы, зайырлы ел азаматтарымыз. Оның үстіне, мәдениеті мен әлеуеті мол, ел өмірінде ерекше орны бар шырайлы шаһардың тұрғындарымыз. Сондықтан бізде зайырлы мемлекеттің қағидасына сай, ешбір дінге басымдық беріп, қолдамайды. Осы тұрғыдан, қоғамда көп талқыға түсіп жүрген «мектепте орамал тағу» мәселесіне «жәк» деп нүкте қойылды. Бұл, әрине, заң аясында өте орынды. Бұл мектеп қабырғасындағы жалпы тәртіпті қалыптастыруға арналған.

Заң қатаң, дегенмен заңның аты – заң. Сондықтан да заң талаптарын сақтап, тәртіпке бағына білген жөн. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп Бауыржан Момышұлы ағамыз айтқандай, мен барлық қала тұрғындарын заңға бағынып, тәртіпті сақтап, қаламызды бірге көркейтуге шақырамын. Алматы қаласының Адвокаттар алқасының мүше адвокаты ретінде, әрі жоғары оқу орындарында заңгерлерді даярлауда біз нағыз маман болып қалыптасатын тұлғаның бойынан адамгершілік, кәсібилік, елі мен халқына деген

сүйіспеншілікті дарытуға тырысамыз. Қаламызда орналасқан әрбір аудандағы қылмыстық құқықбұзушылық статистикасына тоқталар болсақ, кейбір аудан аумақтары тұрақты қылмыстық құқықбұзушылықтың ортасына айналғаны көңілімізді су сепкендей басағыны бар. Сондықтан әркім өзі үшін сақ болып, әсіресе, жас өрен балаларын түнгі уақытта ата-анасы көшеге шығармауға тиіс. Күнделікті тұрмыс тіршілік қамымен жүріп, балаларын естен шығармаса екен дегім келеді. Себебі, қалада жасөспірім балаларға әлімжеттік жасап, қол телефонын тартып алу сынды қылмыстың орын алатын кездері болады.

Пандемия кезінде қала халқы кез келген қажет затын «жеткізу» қызметіне жүгіну арқылы да жеңілдетті. Ал бұл қызмет түрі қазір қалыпқа айналғандай. Жеткізу қызметі кезінде ескерер жәйт, жеткізушінің жеке басын тексеріп алыңыз, кім екенін, сіз жүгінген компаниядан екенін нақты біліп алыңыз. Жеткізілімді қабыл алатын адамның мұны жіті ескергені абзал. Бұл – әрбірден соң сақтық жолында артық етпейтін қажеттілік. Бұл салалық қызмет көрсетуде қылмыс жиі орын алуда. Мысалы, қымбатырақ затты жеткізу қажет болса, байланысты өшіріп, ол затпен қалаған мақсатын жүзеге асыруы мүмкін. Бірақ мұндай қылмыс тез құрықталады.

Абзалы, заңға бағыну. Себебі, заң – баршаға ортақ. Өмір сүруіміздің өзі сол заңдылықтармен реттеліп, соның аясында жүзеге асып жатқанын кейде естен шығарып алатынымыз «әттен» дегізеді. Тәртіпті сақтай жүрсек дейміз. Ол үшін өзіміздің құқықтық сауаттылығымыз жеткілікті болуы қажет. «Тек жүрсен, тоқ жүресін» деп бабам бекер айтпаған. Сол айтқандай, құқықтық мәдениетке кадам басқан текті елдің тоқ ұрпағы болайық.

Роза ӨМІРТАЙ,
заң ғылымының кандидаты,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң
факультетінің аға оқытушысы,
АҚАА адвокаты.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

АЛАЯҚТЫҚТАН ҚОРҒАНУ ӘРЕКЕТІ

Қаржылық мониторинг агенттігі экономикалық құқықбұзушылық деректерін хабарлауға арналған Telegram ботты іске қосады. Бұл қаламызда экономикалық құқықбұзушылық аяғын тарта бастағандай.

«Батырманы бір басу арқылы хабарлауға мүмкіндік туды. Сауалдың мәнісін айтқан соң «жіберу» түймесі басылады. Хабарлама аз уақытта қаралады, әрі анонимдікке де кепілдік бар. Көксеміміз, «көре алмаушылық» емес, құқықбұзушылықтың құрықта-лып, қаламыздың көркеюі», – дейді алматылық тұрғынның бірі.

Алматылық азаматтың айтып отырғаны, Telegram мессенджеріндегі азаматтарды қаржы пирамидасына тартатын алаяқтардың әрекетінен қорғауға арналған бот. Оған ел көлемінде жыл басынан бері 6 мыңға жуық хабарлама келіп түсіпті. Әлбетте, жолданған хабарлама тек ақпараттық сипатқа ие. Бұл әзірге қылмыстық не әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты іс қозғауға негіз бола алмайды.

Алматы қаласы бойынша Қаржылық мониторинг департаментінің өкілдері: «Жосықсыз азаматтардың заңсыз әрекетінің алдын алатын процесті автоматтандыру арқылы экономикалық қылмыспен белсенді күрес жалғасуда», – деп мәлімдеді.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



ЕРТЕҢ – ПРОКУРАТУРА КҮНІ

АҚИҚАТ ПЕН ӘДІЛДІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ

Жоғары қадағалау функцияларын жүзеге асыратын жалғыз мемлекеттік орган – прокуратура. Қоғамның барлық саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалайды, соттың әділ өтуінде де бұл құқық қорғау органы маңызды рөл атқарады. Қазақстан прокуратурасы құрылып, құқықтық қызмет атқарған ғасырдан астам уақыт ішінде бірнеше тарихи сатыдан өтті.




Тәуелсіздік алғаннан кейін ең алғашқы құрылған ұлттық органдардың бірі осы – прокуратура. Былтыр институттың құрылғанына 100 жыл болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы 17 қаңтарда ҚР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «ҚР прокуратурасы туралы» Заң күшіне еніп, тәуелсіз елдің төл прокуратурасы қызметке кірісті. Құрылымның дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы Жоғары кеңестің қаулысы қабылданып, еліміздің қадағалау органы тарихында жаңа белес басталды. Қай кезеңде де атқаратын қызметі өзгерген жоқ. Прокуратураның міндеті – сотта заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету. 1995 жылы қадағалау органының мәртебесі заң бойынша нақтыланып, Президентке тікелей есеп беретін орган ретінде бекітілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Прокуратура туралы» Заңына байланысты прокуратура құқық қорғау органдарының ішіндегі айрықша салаға жатады. Прокурорлық міндет – Президент Жарлықтары мен құқықтық актілерді іске асыру. Прокурорлар әртүрлі заңбұзушылықтардың себеп-салдарын анықтап, оны жою үшін шара қолданады. Бұл құрылымның ерекшелігі сол, биліктің тармағына жатпайды. Прокуратура мемлекеттік лауазымды органдарға тәуелді емес. Президент алдында есеп беріп, Бас прокуратураға ғана бағынады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейірбек БАЙМОЛДАЕВ, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасары:



Заңдылықтың сақталуын қадағалайтын бірден-бір орган

Прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Ең алдымен, адамды, оның өмірін, құқығы мен бостандығын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде қорғауды мақсат етеді.

Заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себеп пен салдарын анықтайды. Құқық қорғау және өзге де

мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіп пен қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіреді. Ал прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының құзыреті шеңберінде құқықтық статистиканың толық әрі дұрыс екенін тексеріп, арнайы есепке алуды жүргізеді. Негізгі міндеттерінің бірі – елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп туралы мемлекеттік органды, заңды және жеке тұлғаларды ақпаратпен қамтамасыз ету және мемлекеттік, құқықтық, ақпараттық, статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту.

Биылғы 10 айдың қорытындысына сәйкес, Алматы қаласында 23 315 қылмыстық құқықбұзушылық тіркеліп, 2022 жылдың 10 айымен салыстырғанда 24% -ға азайды. Қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар 7,9% (8221-ден 8867-ге), отбасылық-тұрмыстық қылмыстар 20,6%-ға

(34-тен 27-ге) төмендеді. Уәкілетті органдардың қабылдаған шараларының арқасында қылмыс саны азайып келеді. Алайда, тіркелген қылмыстың көп пайызы меншікке қатысты құқықбұзушылықтар, яғни ұрлық (8972) пен алаяқтық (7598) деректері бойынша болып тұр. Тергеу кезеңі, тергеушінің, прокурордың және соттың шешімдері жазбаша процессуалдық құжаттарда бекітіледі.

Прокуратураның тағы бір маңызды міндеттерінің бірі – кәсіркерлердің құқығын қорғау. Енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі. Сондай-ақ, тексерісті есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерістен қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, соңғы 11 айда аталған жүйе арқылы комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті 8806 актіні тіркеді, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты – 5585.

Департамент бизнеске қатысты тағайындалған 88 заңсыз тексерістің жолын кесті. Бақылау және қадағалау қызметінің нәтижесі бойынша тексерісті тіркеу және есепке алу саласындағы бұзушылықтар үшін мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары түрлі жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында, бақылау және қадағалау органдарының бизнеске заңсыз араласуының алдын алу мақсатында департамент бақылау және қадағалау органдарының 32 тексеруін тіркеуден бас тартты.

Прокуратура күні – Қазақстан Республикасында

ресми түрде белгіленген мерекелердің бірі. Жыл сайын 6 желтоқсанда кәсіби мерекемізді атап өтеміз. 1991 жылы осы күні «Қазақ КСР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылданды.

Қазақстан прокуратурасының тарихы 1922 жылдың 13 шілдесінен басталады. Бұл күні Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің үшінші сессиясының шешімімен, Әділет халық комиссариатының құрамында мемлекеттік прокуратура құрылды, ал Әділет Халық Комиссариатына Республика Бас Прокурорының функциялары жүктелді. 1933 жылы прокуратураның өкілеттіктері кеңейтілді. Атап айтқанда, Әділет Халық Комиссариатының кезінде прокуратураның салыстырмалы түрде тәуелсіз басқармасы құрылды, ал Әділет халық комиссары мен прокурордың функциялары бөлінді. 1937 жылы Қазақ КСР Конституциясы қабылданғаннан кейін прокуратура Әділет халық комиссариатынан толық тәуелсіз құқық қорғау органдарының дербес құрылымына айналды. 1991 жылғы тамыздағы оқиғалар прокуратураны реформалау қажеттігін көрсетті.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанға дейін, 1991 жылғы 6 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі прокуратураны заңдардың орындалуын жоғары қадағалау органы Жоғарғы Кеңеске есеп беретін қаулы қабылдады. Прокуратура қызметкерлері осы күнді кәсіби мереке ретінде атап өтеді.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы – заңдылықтың сақталуын қадағалайтын бірден-бір орган.

БАС ПРОКУРАТУРА

Хостелдегі өрт:

ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА БЕРІЛЕДІ



Суретті түсірген Сағат Құсайынұлы

Арнайы прокурорлар «Алматы Хостел» ғимаратындағы өрт бойынша қылмыстық істі тергеуге кірісті.

30.11.2023 жылы «Алматы Хостел» ғимаратындағы өрт оқиғасына байланысты ҚР ҚК-нің 292-бабының 3-бөлігімен (абайсызда екі не одан да көп адамның өліміне әкеп соқтырған өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу) сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Бас Прокурордың тапсырмасына сәйкес, қылмыстық іс арнайы прокурордың іс жүргізу өндірісіне қабылданды. Құқық қорғау ор-

гандарының тәжірибелі қызметкерлерінен ведомствоаралық жедел-тергеу тобы құрылды.

Өрттің шығу себебі мен алғышарттарын анықтау мақсатында оқиға орнына қарап-тексеру жүргізіліп, сараптамалар тағайындалды. Өзге де жедел-тергеу шаралары ұйымдастырылуда.

Сол күні осы қылмысты жасады деген күдікпен хостелді жалға беруші А.Мухамедьяров ұсталып, уақытша ұстау изоляторына оқшауландырылды.

Тергеу аясында хостелдің қызмет көрсетуіне қатысы болған барлық тұлғаның әрекетіне құқықтық баға беріледі. Қылмыстық іс тергеуі – Бас Прокурордың бақылауында.

БАЙҚАУ



БЕЙНЕРОЛИК БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Наурызбай ауданы әкімі аппараты аудан прокуратурасымен бірлесіп, «Отбасындағы зорлық-зомбылық», «Мектептегі буллинг», «Көшедегі бандитизм» тақырыптары аясында бейнеролик конкурсын ұйымдастырды.

Конкурсқа аудандағы 12 мектептің оқушылары қатысты. Жеңімпаздарға Алғыс хат пен 50 000 тг көлемінде ақшалай сыйақы берілді.

Іс-шараға Наурызбай ауданының прокуроры, аудан әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев, «Забота» дағдарыс орталығының өкілдері – Ербол Лукпанов, Ұлжан Лукпанова, мемлекеттік қызмет өкілдері, мектеп директорлары мен оқушылар қатысты.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



КЕЗДЕСУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК
ҚОЛЖЕТІМДІДенсаулық сақтау министрі Алматы сапарында
тұрғындармен, дәрігер-мамандармен жүздесті

Өткен апта соңына қарай Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Алматыға жұмыс сапарымен келіп кетті. Алдымен ірі өрт кезінде зардап шеккен, бүгінде қалалық жедел жәрдем ауруханасында емделіп жатқан пациенттің жағдайын білмекке сонда барып, жүздесіп, тезірек сауығып шығуына тілектестігін білдірді. Оған барлық қажетті медициналық көмек көрсетіліп жатыр.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Тәулік бойы – сапта

Бұдан әрі ведомство басшысы тәулік бойы және күндізгі стационардың 500-ден астам орынға есептелген Орталық қалалық клиникалық аурухананың жұмысымен танысты, оның ішінде 20 бейіндік бойынша 24 клиникалық бөлімше жұмыс істейді.

ОҚКА базасында А.Ғиният мегаполистің стационарлары мен емханаларының бас дәрігерлерімен кездесу өткізді, онда медициналық көмек көрсету сапасы, кадрлармен қамтамасыз ету, медициналық көмекті ұйымдастыру стандарттарын сақтау, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдары бойынша бірқатар өзекті мәселелер талқыланды.

Министр медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру және Алматы қаласы халқының қанағаттану деңгейін арттыру жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеу қажеттігін айтты, осы бағыттың шеңберінде ол осы жерде және қазір өтініштерді шешу мақсатында кадр құрамын тексере отырып, пациенттерді қолдау қызметтерінің жұмысын жандандыруды тапсырды.

Кадрлық жұмыс бөлігінде жас мамандардың біліктілігін үздіксіз арттырумен айналысу, бейінді ғылыми орталықтармен өзара іс-қимылды күшейту, әдіснамалық және практикалық көмек беру ұсынылды.

Дәрігерлермен диалог барысында министр фармацевтикалық қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ету, дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды ұтымды қолдануды қамтамасыз ету мақсатында меншік нысанына қарамастан, тиісті дәріханалық практика стандарттарын енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Қызылша бойынша күрделі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, министр Алматы қаласының жас тұрғындарының, яғни балалардың гепатит, көкжөтел, полиомелит сияқты аурулар бойынша егу мәртебесіне мониторинг жүргізуді тапсырды.

ҮЕҮ өкілдерімен
кездесті

Содан кейін клиникалық аурухана қабырғасында министрдің кездесуі ҮЕҮ өкілдерімен жалғасты. Онда ол азаматтық белсенділердің көптеген сұрақтарына жауап берді. Денсаулық сақтау министрі осы бағыттағы ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі туралы сынға жауап бере отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді медициналық көмекті жетілдіру мәселелерін орындау бойынша түсініктеме берді.

Қоғам белсенділері орфандық аурулары бар пациенттердің тізілімін құру мәселелерін көтерді, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізбесін қайта қарау қажеттілігі, паллиативтік көмек сапасы туралы айтты.

А.Ғиният әр сұраққа толық жауап берді, кейбір жүйелік мәселелер бойынша құры-

лымдық бөлімшелерге талдау жасауды және оларды шешу үшін іс-шаралар ұсынуды тапсырды.

Министр қала тұрғындарымен кездесуде сөйлеген сөзінде қала деңгейінде денсаулық сақтауды дамытудың негізгі бағыттары бойынша қол жеткізілген нәтижелер туралы айтты. Медициналық-санитариялық алғашқы көмекті Алматының 2,2 млн тұрғыны 75 МСАК ұйымында алады, оның 77%-ы 40 мемлекеттік емханада және 22%-ы 33 жеке клиникада, барлығы 1%-ы екі ведомстволық ұйымда қызмет көрсетеді. Емханаларда динамикалық бақылауда 200 мыңға жуық адам тұр, оның ішінде 59 мың пациент ауруларды басқару бағдарламаларына қатысады.

Обыр дерті өзекті

Жүрек ауруы бар пациенттерге бейінді көмек көрсету үшін Алматы қаласында 332 кардиохирургиялық төсек (оның ішінде 281-і ересектер үшін, ал 51-і балаларға), 581 кардиологиялық төсек (оның 563-і ересектерге, 18-і балаларға), 73 интервенциялық кардиологиялық төсек орналастырылды.

Алматы қаласында 6 ТКА-орталық жұмыс істейді: 3-еуі үшінші деңгейлі – қалалық Кардиологиялық орталық, Орталық клиникалық аурухана, «Хирургия институты» ЖШС MEDITTERA клиникасы.

Биылғы қаңтар-қыркүйек айларында қала тұрғындарына 1785 ашық жүрекке операция жасалды, оның 580-і (32,5%) – аортокоронарлық шунттау, 584-і (32,7%) – жүре пайда болған жүрек ақауларына жасалған ота, 247-і (13,8%) – туа біткен жүрек ақауларына.

Алматы қаласы бойынша онкологиялық сырқаттанушылық құрылымында бірінші орында сүт безі обыры тұр (14,5%), екіншісінде – колоректалдық (8,8%), ал үшіншісінде – өкпе обыры (5,8%). Есепте 31 196 онкологиялық пациент тұр, биылғы өсім 8,0%-ға артқан.

Қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 2023 жылдың 9 айында 3,6%-ға төмендеген. Обыр кеселінен көз жұмғандар көрсеткіші бойынша есеп жүргізілгенде, бірінші орында – өкпе (13,6%), екіншіде – колоректалдық (13,5%), үшінші орында сүт безі обыры (11,2%) тұрғаны анықталған.

Жаракаттардан уланудан және жазатайым оқиғалардан болатын өлім-жітім көрсеткіші бойынша Алматы қаласы 100 мың тұрғынға шаққанда 31,8 көрсеткіші бар «жасыл» аймақта қалады. ҚР ДСМ ШМУҰО деректері бойынша жаракаттар мен жазатайым оқиғалардың барлық түрлері бойынша шақырулар саны 2023 жылдың 9 айында 102 360 (2022 ж. – 89 404), өсім 14%-ды құрады.

Қала бойынша ЖКО орнына жетудің орташа уақыты 10 минутты құрады. Травматологиядағы хирургиялық белсенділік қала бойынша 89,4%-ды құрады, бұл орташа

республикалық көрсеткіштен 17,3%-ға жоғары.

Онкоорталық салынады

Жұртшылық өкілдерін жеке клиникалардағы медициналық қызмет көрсетудің қауіпсіздігі, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізіміндегі препараттардың сапасы, қызылшамен сырқаттанушылықтың өсу себептері және халықты инфекциялардан иммунизациялауды күшейту жөніндегі іс-шаралар толғандырды.

Кездесу барысында ведомство басшысы өңір тұрғындарының қоғам белсенділерінің сұрақтары мен өтініштеріне толық жауап берді.

Содан кейін министр азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады. Жүздесу барысында балаларға медициналық көмек көрсетуге, атап айтқанда, есту аппаратын имплантаттау операциясын жүргізуге, мүгедектігі бар адамдар үшін консультациялық-диагностикалық қызметтердің қолжетімділігіне, қаланың стоматологиялық клиникаларының жұмысына шағымдар және т.б. қатысты өтініштер қаралды.

Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы әрбір өтініш бойынша егжей-тегжейлі түсініктеме берді, кейбір күрделі жағдайларды талдап, бейінді департаменттердің басшыларына, жергілікті атқарушы органдардың мамандарына көмектесуді тапсырды.

Бұдан әрі А.Ғиният жергілікті және республикалық БАҚ өкілдерімен өткен брифингке қатысып, журналистердің сұрақтарына жауап берді. Онда денсаулық сақтау саласындағы іске асырылып жатқан жобалар және елдегі медициналық көмекті жақсарту жөніндегі ведомствоның міндеттері туралы айтты. Мәселен, қалалық ауруханалардың көптігі туралы сұраққа ведомство басшысы Алатау ауданында 500 төсектік перинаталдық орталығы бар көпбейінді аурухана салу, заманауи жабдықтармен жарақтандырылатын жаңа онкологиялық орталық салу жөніндегі әкімдіктің жоспарлары туралы айтып берді. Келесі жылы министрдің айтуынша, инфекциялық аурулар жөніндегі үлкен ғылыми орталық пайдалануға беріледі.

P.S.

Сонымен бірге, Денсаулық сақтау министрі Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен кездесу өткізді, оның барысында олар еліміздің ірі мегаполисінің қоғамдық денсаулық сақтау қызметін дамытудың негізгі бағыттарын талқылады.

МАМАН КЕҢЕСІ

**МЕҢГЕ ДЕ
МӘН БЕРЕЙІК**
немесе қатерлі ісіктің
сыртқы белгілері қандай
болады?

Қатерлі ісік қазіргі заманның ең ауыр ауруларының бірі және оның белгілерін ерте сатысында анықтап, уақытылы ем-дом қабылдау маңызды рөл атқарады.

Мамандар сөзіне сүйенсек, медициналық тексерулер мен талдаулар қатерлі ісік ауруын анықтаудың негізгі әдісі болғанымен, сыртқы түрдегі кейбір өзгерістер де оның даму ықтималдығын көрсетуі мүмкін. Мәселен, терідегі кейбір өзгерістер қатерлі ісіктің бірінші белгісі болуы мүмкін.

«Теріде жаңа меңнің пайда болуы, бұрыннан бар мең мөлшерінің не пішінінің өзгеруі, ассиметрия, жиегі не түсінің өзгеруі тері қатерлі ісігінің дамуының көрсеткіші болуы мүмкін. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы жазылмайтын кез келген жара мен ойық жараса назар аударыңыз. Әсіресе, одан қан кетсе, не қоңыр түсті болса. Сүт безінің пішіні немесе көлемінің өзгеруі сүт безі қатерлі ісігінің көрсеткіші болуы мүмкін. Түзілімді анықтау, емізік пішінінің өзгеруі, оның тартылуы не бөліністің шығуы қауіпті белгі болуы ықтимал», — дейді Алматы онкологиялық орталығының онколог-дәрігері Наиля Ақжолва.

Нақты себепсіз, кенеттен салмақ жоғалту, сондай-ақ басқа себеппен түсіндіруге болмайтын ұзақ шаршау немесе әлсіздік қатерлі ісіктің даму ықтималдығының сигналы болуы мүмкін. Зәрдегі, қандағы немесе нәжістегі өзгерістер де мән беретін жағдай. Мәселен, зәрдегі немесе нәжістегі қан не зәрдің иісі не түсінің ерекше өзгерісі байыпты түрде қабылданып, дәрігермен талқылануы керек.

«Әрине, қатерлі ісіктің даму ықтималдығын көрсететін сыртқы белгілер туралы ойлаған кезде, олар медициналық тексерулермен және сынақтармен бірге ауруды ерте кезеңде анықтауға көмектесетінін есте ұстаған жөн. Бұл сәтті емдеу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Өзін-өзі күту, үнемі медициналық тексеруден өту және дәрігерге уақытылы көріну денсаулықты сақтаудың және қатерлі ісікпен күресудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады», — дейді Наиля Бұрхандыққызы.

КЕРЕК КЕҢЕС

**Қыста нені көбірек
жеу керек?**

Қылышын сүйретіп қыс та келіп қалды. Бұл мезгілде түрлі вирустар бас көтеріп, иммунитетімізбен аяқасқа түседі. Ал иммунитеттің мықты болып, ауруды жеңіп шығуы үшін ішіп-жейтін тамағымыздың құнарлы болғаны абзал.

Күзде бәріміз қыста жейміз деп түрлі тосаптар, салаттар дайындаймыз. Солардың дені ағзаға пайдалы. Әсіресе, ашытылған қырыққабат В, С, К дәрумендеріне өте бай көрінеді. Ашу үдерісі қырыққабатты сүт және сірке суы қышқылдарымен байыта түседі дейді. Ал бұл қышқылдар астың жақсы қорытылуына септігін тигізеді. Итмұрыннан жасалған тосап та аса пайдалы. Итмұрынның құрамында ғана дәрумендердің барлық түрі кездеседі. Темір, калий, фосфор, магний, жез секілді пайдалы элементтерге бай. Негізі, диетологтар жидектерді тоназытқышта қатырып сақтау тосап жасағаннан да әлдеқайда пайдалы дегенді айтып жүр.

Цитрустық жемістер (лимон, апельсин, грейпфрут) де иммунитетті көтеруге септігін тигізеді. Олардың құрамында аскорбин қышқылы көп. Сондай-ақ, А, В дәрумендері және магний, калий, темір, фосфор, кальций, натрий бар. Ал болғар бұрышын тұтынсаңыз, қан тамырларын қатайтып, мидағы қан айналымын қалыпқа келтіреді.

Сүт өнімдері мен балық барлық маусымда аса қажет. Алайда, қыста теңіз балықтарының энергетикалық құндылығы артып, сүт майлы бола түсетін көрінеді.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

«КЕЛЕСІ АЯЛДАМА...»

«Almaty aqshamy» газетінің оқырманын не мазалайды?

Газет оқырман игілігі үшін шығады. Онда қаланың тыныс-тіршілігі ұдайы жарияланып тұрады. Мегаполистің қайнаған тіршілігінің ішінде жүрген оқырмандар арасында айналасына бей-жай қарамай, өзінің ой-пікірін жолдап тұратын алматылықтар да бар. Бүгін «Almaty aqshamy» газетінің тұрақты оқырманы Марат Жұматаевтың бізге жолданған хатын ұсынып отырмыз.

«Өз елімнің патриот азаматы ретінде айналама бажайлай қарап, зер салып жүретін әдетім бар. Себебі, өсіп-өніп жатқан жерімде бәрі жақсы болса екен деген тілектемін әрдайым. «Сырт көз – сыншы» дегендей, қаламызға алыс, жақын шетелдерден келетін қонақтар алдымен шаһар келбетіне қарайтыны сөзсіз. Бізде, өкінішке қарай, ағылшынша, орысша жазылып ілінген жарнама мәтіндері аз емес. Сондайда сырттан келген туристер «мен өзі қай елге келдім?» деп бір сәт сыни көзбен ойланып қалары сөзсіз. Осы мәселеге назар аударсақ екен дей отырып, мен басқа тақырыпты сөз еткелі отырмын.

Біріншісі, байқап жүрген болсаңыздар, кейбір қоғамдық көліктердегі аялдама атауларының хабарлануы мез емес. Осы күнге дейін орфографиялық сөздіктің бірнеше басылымы жарық көріп, ондағы сөздік қоры толықтырылып, жүйесі жетілдіріліп жатса да, қоғамдық көліктерде тіл мәдениетіне салғырт қарау әлі күнге жалғасып келеді. Яғни көліктердегі аялдама атауларын таспа арқылы хабарлау талапқа сай емес дер едім.

Мысалы, №79, №32 бағыттағы автобустардағы «Аялдамасы Жангелдин Баянауыл көшесі қиылысының аялдамасы» немесе «Аялдамасы Магнум гипермаркет аялдамасы» деп хабарланып жатады ылғи. Мұндай мәтіндегі хабарламалар тіл мәдениетін төмендетіп қана қоймай, тілімізді мазақ еткендей көрінеді маған. Бұл жағдайға ұсақ-түйек деп қарамауға шақырамын. Сауаттылық – ол да мәдениеттіліктің бір белгісі. Сол себепті, аялдама атауларын таспаға жазар алдында, мәтінді дұрыс құрастырып, өздері білмесе, білетін адамдарға көрсетіп, орфоэпия заңдылықтарына жүгінгені дұрыс болар еді. Қала әкімдігі мен қалалық жолаушылар тасымалдау департаментінің өкілдері алдағы уақытта бұл мәселені ескерер деген сенімдемін. Қоғамдық көліктегі жолаушыларға бағыт-бағдар ретінде берілетін жазба таспасындағы дауыс немесе автобус жүргізушілері «Келесі аялдама – Жангелдин көшесі мен Баянауыл көшесінің қиылысындағы аялдама» деп хабарлап жатса, қандай жарасымды болар еді, әрі естіген құлаққа да жағымды.

Мені тағы бір қынжылтып жүрген жағдай Еуропаға еліктегіш кейбір жастарымыз туралы. Қоғамдық орындарда немесе көліктерде дұрыс жүріп-тұру, жөн сұраған адамға дұрыс жауап беру, жасы үлкендерге, балалы әйелдер мен аяғы ауыр келіншектерге орын беру – мәдениеттіліктің, тәрбие көргендіктің белгісі, халқымыздың ұлттық менталитеті және рухани салт-дәстүріміз деп ойлаймын. Осы орайда көп жастарға қынжылып-ақ қаламыз. Кейбір жастардың орнынан тұрмау үшін телефонға шұқшия кетуі немесе ұйықтаған болып көзін тарс жұмып алуы жиілеп кетті. Тіпті, мұндай көріністерге көзіміз де үйреніп бара жатқандай. Тәрбие – тал бесіктен.

Әдепті жастар да – қоғамның, қала берді қаланың айнасы. Сырттан келген адамдар бізге сүйсініп кетсе, өзіміз де «Әне, біздің жастар!» деп масаттанып жүрсек, айып па?! Айналайын, жастар, сендер де бей-жай болмандаршы дегім келеді».

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде «Қазақстан халқының мәдени құндылықтары: әлемдік тәжірибе мен заманауи үрдістер контекстінде» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өз жұмысын бастады.

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ МӘНІ ЗОР



Ернұр
РЫСБАЙ

Ғылыми жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары, еліміздің әр аймағындағы жоғары оқу орындарының өкілдері, отандық және алыс-жақын шетелдерден келген ғалымдар мен студенттер қатысты. Спикерлер әдебиет, қоғамды дамыту, әділетті қоғам, Жаңа Қазақстанды қалыптастыру, әлеуметтік-гуманитарлық мәселелер және тағы да басқа өзекті тақырыптарда ой талқы жасап, ұсыныстарымен бөлісті.

Биыл жетінші рет ұйымдастырылып тұрған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуында Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сәрсенбекова алғысөз сөйлеп, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Ол әлемдік тәжірибе мен заманауи үрдістер контекстінде халықтың мәдени құндылықтарын дамыту маңыздылығына тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Амангелді Ғабдылкерімұлы «Адал да, еңбексүйгіш әрі жауапты азамат – әділетті Қазақстанның мызғымас іргетасы» атты ғылыми жиынның алғашқы баяндамасын жасады. Келесі кезекте филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Бауыржан Жақып «Қазіргі қазақ әдебиетінің даму тенденциялары мен бағыттары» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, ғалым, ақын, публицист Бауыржан Өміржанұлы METU Ғылыми кітапханасына бірнеше кітаптар сыйлап, кітапхана қорына үлесін қосты.

Ары қарай халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның секциялық отырыстары жалғасады. Онда «Әділетті Қазақстан мен Адал азамат» – Қазақстан халқының ең басты құндылығы», «Қазақстан халқының тілін зерттеу, дамыту және сақтау – әділетті қоғам құру факторларының бірі», «Сындарлы диалог мәдениеті – әлемдік тәжірибе және қазіргі заманғы үрдіс» тақырыптары қамтылады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел.: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 28 412

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



МАРАПАТ

«ЕЛ БІРЛІГІ» СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛДІ



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

«Дорогу молодым» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен қоғам белсенділерін марапаттау рәсімі өтті.

Қоғамның әр саласында қайырымдылыққа жаны жақын адамдардың қарасы көп көрінеді. Марапатталғандардың қатарында қоғамның дамуына өз үлесін қосқандар да болды. Бәрінің басын қосып отырған «Дорогу молодым» қоғамдық қорының президенті Рафаэль Гасанов қонақтарға жылы лебізін білдірді.

– Бұл жерге мемлекеттік қызметкерлер ғана емес, қоғамның әртүрлі саласындағы жүрегі мейірімді жандар жиналды. Біздің қоғамдық қорға биыл 7 жыл толып отыр. Көптеген жылдар бойы қоғам мен билік арасындағы алтын көпір болып келеміз. Бәріміз бірігіп әділетті Қазақстанды құруымыз қажет. Біз болашақ ұрпақтың жарқын өмір сүргенін қалаймыз, – деді Р.Гасанов.

Белсенділерді марапаттаушылардың қатарында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова болды.

– Мейірімді жандар бірігіп, көмекке мұқтаж жандарға көмектесіп жатқанына қуаныштымын. Әкімшілік қайырымдылықты қай бағытында болса да қолдауға дайын. Жаңа бастамалар, идеялар адамдардың өмірін жақсартуға арналса, біз қолұшын әрдайым береміз. Қазір әсіресе, жастарға көп көңіл бөлуіміз қажет. Себебі, жастар біздің болашағымыз. Барлықтарыңызды бүгінгі іс-шарамен құттықтаймын, – деді Ә.Нүсіпова.

Қор ұйымдастырған «Ел бірлігі» сыйлығы барысында бірнеше айдар бойынша марапат берілді. Соның ішінде іріктелгендер «Ел бірлігі жұлдызы», «Үлкен жүрек», «Ұлттың дамуы» медальдарымен марапатталды. Арасында қоғам қайраткері Клара Летникова жеңімпаздар мен ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

– Қоғам белсенділеріне арналған жаңа марапаттардың рөлі ерекше. Біз үшін көмекке мұқтаж жандарға көмек беру маңызды. Қайырымдылықпен айналысып, марапатталып жатқандардың бәрі өз істеріне бар жанын салды, – деді К.Летникова.

Іс-шараның соңында қазақ эстрадасының жұлдызы, белгілі әнші Айжан Нұрмағамбетова әннен шашу шашып, ел ризашылығына бөленді.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

ҚАЗАҚТЫҢ РОБИН ГУДЫ

«Алдар көсе» ертегісі бойынша сахналанған балет қойылды



Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Алмабек Мейірбековтің музыкасына жазылған, балаларға арналған, қазақ ауыз әдебиеті арқылы қалың көпшілікке таныс «Алдар көсе» ертегісі бойынша сахналанған балет қойылды.

Алдар көсе – бұл қазақтың Робин Гуды іспеттес кейіпкер. Жарлыларға қолұшын созу, сараң байларды айлакерлікпен тақырға отырғызу оның күнделікті шаруасы.


Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының сахнасында сан түрлі бояу, кимыл мен музыка бір арнаға тоғысқан жарқын туынды көрермен қауымды ғажайыптар әлеміне жетелеп әкететіні сөзсіз. Ала-құла өмір бұлттарына қарамастан, үлкен жүрегі бар кішкентай Алдар жайлы баяндайтын бұл оқиға махаббат пен жанашырлықтың ғаламат күшін көрсетті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бетті әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.